

# 05

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

- 112 • Корпоративтік басқару жүйесі
- 114 • Жалғыз акционер
- 114 • Директорлар кеңесі және оның комитеттері
- 130 • Басқарма және оның комитеттер
- 136 • Директорлар кеңесі мүшелеріне және басқарма мүшелеріне сыйақы беру саясаты
- 137 • Ішкі аудит қызметі
- 138 • Комплаенс қызметі
- 139 • Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
- 141 • Қоғамдық кеңес
- 145 • Ақпараттық қауіпсіздік

А  
3  
А  
С  
В  
Д  
П  
А  
К





## «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкестігі туралы өтініш

Корпоративтік басқарудың ең жоғары стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында 2012 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры **«акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексін (бұдан әрі – Кодекс) бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын қабылдады.

Корпоративтік басқарудың халықаралық практикасы статикалық сипатқа ие емес және Кодекс қағидаттарын қайта қарау корпоративтік басқару жүйесін жетілдірудің стандартты процесі. Осыған байланысты есепті жылы Қорды корпоративтік басқару саласындағы үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келтіру үшін Кодекске түзетулер әзірленді. Кодекс жаңа редакцияда Ұлыбритания мен ЭЫДҰ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын ескере отырып, ҚР заңнамасының ережелеріне сәйкес әзірленді. Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен жаңа Кодекс жобасы мақұлданды және Қордың Жалғыз акционерінің қарауына шығаруға ұсынылды. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 590 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілді.

Қор өз қызметін Кодекстің базалық қағидаттарына сәйкес жүзеге асыруға, ал сәйкес келмеген жағдайларда сақтамау себептері туралы түсіндірмелерді көрсетуге міндетті. Директорлар кеңесі жекелеген себептер бойынша осы Кодекстің жекелеген ережелерін қолданбау немесе сақтау мүмкін еместігі туралы қорытынды жасай алады. Кодекстің орындалуын бақылау Қордың Директорлар кеңесіне жүктеледі.

Ұзақ мерзімді перспективада тұрақты табысқа қол жеткізу мақсатында осы Кодекстің тиісінше сапалы сақталуы мәселелеріне ерекше назар аударылады. Жыл сайынғы негізде оның қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп Қордың Директорлар кеңесінің қарауына және кейіннен бекітуіне шығарылады.

«Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқарудың ең жоғары стандарттарын сақтауға ұмтылады, өйткені бұл бизнестің жоғары тиімділігі мен тұрақтылығының маңызды шарттарының бірі, сондай-ақ Қор тобын әлеуметтік жауапкершілікпен басқарудың негізі деп санайды.

2022 жылы Кодекстің негізгі ережелеріне олардың сақталуына талдау жүргізілді. Есепті жылы Қор негізінен Кодексте жазылған барлық қағидаттарды сақтады. Толық ақпарат 2-қосымшада берілген.


## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Біз Қор тобының корпоративтік басқару тәжірибелерін жетілдіруге, сондай-ақ біздің қызметіміздің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге назар аудара отырып, тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растаймыз.

Қорда халықаралық стандарттарға сәйкес келетін корпо-

ративтік басқарудың тиімді жүйесі жұмыс істейді. Қордың корпоративтік басқару жүйесі Қордың қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын, сондай-ақ Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді және ұзақ мерзімді құн-

ды өсіруге және тұрақты дамуға бағытталған. Директорлар кеңесі көрсетілген өзара қатынастар жүйесінің тиімділігін арттыру мәселелерін кезең-кезеңмен қарайды. Органдардың құзыреті мен шешім қабылдау тәртібі Жарғыда нақты айқындалған және бекітілген.



## ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Қордың жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі. Үкімет Қорды және ұйымдарды басқаруға Қор туралы заңда және Қордың Жарғысында көзделген Қордың жалғыз акционерінің өкілеттіктерін іске асыру арқылы ғана, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесінде өкілдік ету жолымен қатысады. Үкімет пен Қордың өзара іс-қимылының негізгі қағидаттары мен мәселелері Өзара іс-қимыл туралы келісімде регламенттелген.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері ретіндегі өз өкілеттіктерін және мемлекеттік реттеуге байланысты өкілеттіктерді ажыратады. Үкімет Қордың және ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын ұлғайту және активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру мақсатында Қорды басқарады.

Үкімет Қазақстан Республикасы Президентінің заңдарында және актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қорға және ұйымдарға толық операциялық

дербестік береді және Үкімет пен мемлекеттік органдар тарапынан Қордың және ұйымдардың ағымдағы және инвестициялық қызметіне араласуға жол бермейді. Қор Басқармасы, Қор Басқармасының төрағасы, ұйымдар органдары өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау және кез келген іс-қимылды жүзеге асыру кезінде толық дербес және тәуелсіз болады.

*Қордың жалғыз акционерінің шешімдері тікелей Жалғыз акционер қабылдауға тиіс міндеттердің тізбесі болады. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жататын мәселелерге шолу төменде келтірілген. Бұл мәселелер стратегиялық және қаржылық нәтижелердің қорытындыларын шығару кезінде Қор үшін негіз қалаушы:*

- Қордың Жарғысын бекіту;
- Қордың жылдық қаржылық есебін бекіту;
- Қордың даму жоспарын бекіту;
- Қордың корпоративтік басқару кодексін бекіту;
- Қордың дивидендтік саясатын айқындау, есепті кезеңнің қорытындылары бойынша Қордың

*таза кірісін бөлу туралы шешім қабылдау, дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;*

- Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімдер қабылдау;
- Қордың Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Басқарма төрағасын қызметке тағайындау және қызметтен мерзімінен бұрын босату;
- Қордың Жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компаниялардың акцияларын иеліктен шығару, сондай-ақ көрсетілген акцияларды сенімгерлік басқаруға беру;
- Қордың Жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешімдер қабылдау.

*Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесі [www.sk.kz](http://www.sk.kz) Қордың жарғысында ашылды.*

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІ

### Директорлар кеңесінің жетекші рөлі

Қордың Директорлар кеңесі Қор Басқармасының қызметіне стратегиялық басшылықты және бақылауды қамтамасыз ететін Жалғыз акционерге есеп беретін басқару органы. Директорлар кеңесі Қордың корпоративтік

басқару кодексінің барлық ережелерін енгізуді қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік пен жауапкершілік, жалғыз акционер мен Қордың мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, Қордың қызметі үшін жауапкершілік принциптеріне негізделеді.

Директорлар кеңесі өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау және кез келген іс-қимылды жүзеге асыру кезінде Қор туралы Заңға, Кодекске және Жарғыға сәйкес дербес және тәуелсіз болады.

Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және Жарғыға сәйкес жалғыз акционердің (егер

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе) немесе Қордың атқарушы органының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ. 2022 жыл ішінде Директорлар кеңесінде осы талаптарға қайшылықтар туындаған жоқ.

Директорлар кеңесіне ұйымды басқару және Басқарманың қызметін бақылау үшін жеткілікті өкілеттіктер берілген. Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес өз функцияларын орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады:

- ESG мақсаттарын дамыту және ықпалдастыру жоспарын айқындау;
- іс-шаралар жоспары қызметі шеңберінде түйінді көрсеткіштерін қою және мониторингілеу;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;
- Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да түйінді стратегиялық жобаларды бекіту және тиімді іске асыру мониторингі;
- Басқарма мүшелерін сайлау (Басқарма төрағасынан басқа), сыйақы, сабақтастықты жоспарлау және Басқарма төрағасы мен мүшелердің қызметін қадағалау;
- Корпоративтік басқару кодексінің және Қордың корпоративтік стандарттарының ережелерін сақтау.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесі «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңымен айқындалады және [www.sk.kz](http://www.sk.kz) Қордың жарғысында ашылады.

Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін тиісінше орындайды және ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуін және орнықты дамуын қамтамасыз етеді.


Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің функционалдық міндеттерін орындайды және өз қызметінде мынадай қағидаттарды ұстанады:

- **өз өкілеттіктері шегінде әрекет етуге** – Директорлар кеңесінің мүшелері шешімдер қабылдайды және Жарғыда бекітілген өз өкілеттіктері шегінде әрекет етеді;
- Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің **отырыстарына қатысу және оларға дайындалу үшін жеткілікті уақыт бөлуге** Директорлар кеңесі мүшесінің Директорлар кеңесі мүшесі лауазымына бір мезгілде төрт заңды тұлғадан артық орналасуына жол берілмейді, Директорлар кеңесінің төрағасы лауазымына бір мезгілде екі заңды тұлғада ғана орналасуға жол беріледі;
- **ұйымның ұзақ мерзімді құнының және тұрақты дамуының өсуіне ықпал етуге** Директорлар кеңесінің мүшелері ұйымның мүддесі үшін және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып әрекет етеді; Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдері мен іс-қимылдарының әсерін мынадай мәселелер арқылы анықтауға болады: шешімнің/әрекеттің ұзақ мерзімді кезеңдегі салдары қандай екендігі; ұйым қызметінің қоғамға және қоршаған ортаға әсері қандай екендігі; барлық акционерлерге әділ көзқарас қамтамасыз етіле ме; ұйымның беделіне және іскерлік этиканың жоғары стандарттарына ықпал ету; мүдделі тараптардың мүдделеріне ықпал ету (осы мәселелер тізбесі ең аз қажетті, бірақ толық емес);

- **іскерлік этиканың жоғары стандарттарын қолдау** – Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің іс-әрекеттерінде, шешімдерінде және мінез-құлқында іскерлік этиканың жоғары стандарттарына сәйкес келеді және Қор мен ұйым жұмыскерлері үшін үлгі;
- **мүдделер қақтығысына жол бермеу** – Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің жеке мүдделілігі Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін тиісінше орындауына әсер етуі мүмкін жағдайлардың туындауына жол бермейді; шешім қабылдауға ықпал ететін немесе ықтимал әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығыстарына байланысты жағдайлар туындаған жағдайда Директорлар кеңесінің мүшелері бұл туралы Директорлар кеңесінің төрағасын алдын ала хабардар етеді және мұндай шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатыспайды; осы талап Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін тиісінше орындауға тікелей немесе жаңа әсер ететін Директорлар кеңесі мүшесінің басқа да іс-әрекеттеріне жатады;
- **тиісті парасаттылықпен, шеберлікпен және ұқыптылықпен әрекет ету** – Директорлар кеңесінің мүшелеріне заңнаманы, корпоративтік басқаруды, тәуекелдерді басқаруды, қаржы мен аудитті, тұрақты дамуды, саланы және ұйым қызметінің ерекшеліктерін білуді қоса алғанда, Директорлар кеңесінің құзыреті және Директорлар кеңесі мен комитеттердегі өз міндеттерін орындау бөлігінде өз білімдерін тұрақты негізде арттыру ұсынылады; ұйым қызметінің өзекті мәселелерін түсіну мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелері ұйымның негізгі объектілеріне үнемі барады және жұмыскерлермен кездесулер өткізеді.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ<sup>13</sup>

Қор тобы бойынша ДК-дағы тәуелсіз директорлардың үлесі




**ӘЛИХАН АСХАНҰЛЫ СМАЙЫЛОВ**

**Директорлар кеңесінің төрағасы,  
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі**

Сайланған күні: 2023 жылғы қаңтар.

Қор тобы бойынша ДК мүшелерінің гендерлік әртүрлілігі




**Білімі:**

- Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті – Қолданбалы математика;
- Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институты – Мемлекеттік басқару магистрі.

**Еңбек қызметі:**

Әлихан Асханұлы 1993 жылдан 1999 жылға дейін «А-Инвест» инвестициялық-жекешелендіру қорында бас маман болып жұмыс істеді; ҚР Ұлттық статистика агенттігі басқарма бастығының орынбасары, басқарма бастығы; ҚР Статистикалық жоспарлау және реформалар агенттігі Статистика және талдау комитеті төрағасының орынбасары; ҚР Президенті Әкімшілігінің бас сарапшысы, бөлімінің экономикалық сектор меңгерушісі, мемлекеттік инспекторы.

Қор тобы бойынша директорлар кеңесінде тәуелсіз директорлардың өкілеттік мерзімі



1999-2003 жылдары ҚР Статистика агенттігінің төрағасы қызметін атқарды. 2003-2006 жылдары ҚР Сыртқы істер вице-министрі, «Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру компаниясы» АҚ басқарма төрағасы болды. 2006-2009 жылдары ҚР қаржы вице-министрі, «ҚазАгро» АҚ президенті болды. 2009-2014 жылдары ҚР Статистика агенттігінің төрағасы болды. 2014-2015 жылдары ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің төрағасы болды. 2015-2018 жылдары ҚР Президентінің көмекшісі болды. 2018 жылғы қыркүйектен 2019 жылғы ақпанға дейін қаржы министрі болды. 2019 жылғы 25 ақпанда ҚР Президентінің Жарлығымен Премьер-Министрдің бірінші орынбасары – қаржы министрі болып тағайындалды. 2021 жылғы 18 қаңтарда ҚР Президентінің Жарлығымен осы лауазымға қайта тағайындалды. 2022 жылғы 11 қаңтарда ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Премьер-Министрі лауазымына тағайындалды. 2023 жылғы 30 наурызда ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Премьер-Министрі лауазымына қайта тағайындалды.

**«Парасат» орденімен, «Ерең еңбегі үшін» медалімен және басқа да медальдармен марапатталған.**

<sup>13</sup> Қордың Директорлар кеңесінің құрамы 2023 жылғы мамырдағы жағдай бойынша ұсынылған.



**ТИМУР  
МҰРАТҰЛЫ  
СҮЛЕЙМЕНОВ**

**Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі  
Басшысының бірінші орынбасары, Директорлар  
кеңесінің мүшесі**

Сайланған күні: 2022 жылғы қаңтар.

#### **Білімі:**

- С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті – әлеуметтік саладағы экономика және менеджмент;
- С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті – құқықтану;
- Мэриленд университеті (АҚШ) – «Болашақ» бағдарламасы бойынша іскерлік әкімшілендіру магистрі, «Қаржы» мамандығы бар бизнес магистрі.

#### **Еңбек қызметі:**

Тимур Мұратұлы 1999-2000 жылдары Павлодар қаласындағы № 3 отбасылық дәрігерлік амбулаторияның экономист-менеджері болып жұмыс істей бастады. 2002-2006 жылдары Алматы қаласындағы «Эрнст энд Янг Қазақстан» аудиторлық компаниясының консультанты, бас консультанты болды. 2006 жылдан 2009 жылға дейін «ҚазМұнайГаз» барлау және өндіру» АҚ салық есебі және салықтық жоспарлау департаментінің директоры қызметін атқарды. 2009 жылдан 2010 жылға дейін ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі болды. 2010-2012 жылдар аралығында ҚР экономикалық даму және сауда вице-министрі қызметін атқарды. 2012-2016 жылдары экономика және қаржы саясаты жөніндегі Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының мүшесі (министр) болды. 2016-2019 жылдары ҚР ұлттық экономика министрі қызметін атқарды. 2017-2019 жылдары «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болды. 2019 жылғы сәуір айынан бастап қазіргі күнге дейін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. 2019 жылғы ақпаннан бастап наурызға дейін ҚР Ұлттық банкі төрағасының орынбасары қызметін атқарды. 2019 жылғы наурыздан шілдеге дейін ҚР Президентінің көмекшісі қызметін атқарды. 2019 жылғы шілдеден 2022 жылғы қаңтарға дейін ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары қызметін атқарды. 2022 жылғы 13 қаңтарда Мемлекет басшысының Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалды.

**«Құрмет» орденімен, «Ерең еңбегі үшін» медалімен және басқа да медальдармен марапатталған.**



**ӘЛІБЕК  
СӘКЕНҰЛЫ  
ҚУАНТЫРОВ**

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика  
министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі**

Сайланған күні: 2022 жылғы қаңтар.

#### **Білімі:**

- Томск мемлекеттік университеті – «Қаржы және кредит» және «Лингвистика және мәдениетаралық коммуникация»;
- Мичиган университеті – «Болашақ» бағдарламасы бойынша қолданбалы экономика магистрі.

#### **Еңбек қызметі:**

Еңбек жолын 2005 жылы ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Ішкі әкімшілік департаментінің, Халықаралық қатынастар департаментінің жетекші маманы болып бастаған. 2006-2010 жылдары ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Инвестициялық саясат және жоспарлау департаментінің және Экономикалық даму және сауда министрлігінің сарапшысы, бас сарапшысы болды. 2010 жылғы қарашада ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және талдау департаменті Стратегиялық әзірлемелер басқармасының бастығы болды. 2010-2013 жылдары ҚР Қаржы министрлігінің Бюджеттік саясат және жоспарлау департаменті және Бюджеттік жоспарлау және болжау департаменті директорының орынбасары қызметін атқарды. 2013 жылғы ақпаннан бастап маусымға дейін ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының орынбасары болды. 2013-2019 жылдары Стратегиялық әзірлемелер және талдау орталығы меңгерушісінің орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі меңгерушісінің орынбасары болды. 2019-2021 жылдары ҚР Тұңғыш Президенті – Президенті Кеңесі бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарды. 2021-2022 жылдары ҚР Ұлттық экономика вице-министрі болды. Мемлекет басшысының 2022 жылғы 11 қаңтардағы Жарлығымен ҚР Ұлттық экономика министрі болып тағайындалды. 2023 жылғы 4 сәуірде Мемлекет басшысының Жарлығымен ҚР Ұлттық экономика министрі лауазымына қайта тағайындалды.

**Марапаттары: «Ерең еңбегі үшін» медалі және бірнеше мерейтойлық медальдар.**





**БОЛАТ  
БИДАХМЕТҰЛЫ  
ЖӘМІШЕВ**

**Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор**

Сайланған күні: 2022 жылғы шілде.

**Білімі:**

- Экономика ғылымдарының кандидаты.

**Еңбек қызметі:**

Әр жылдары ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі қызметін атқарды (11.1997 – 03.1999), ҚР Қаржы вице-министрі (03.1999 – 06.2001), ҚР Ішкі істер вице-министрі (06.2001 – 02.2002), ҚР Қаржы вице-министрі (02.2002 – 02.2003), Ұлттық банк төрағасының орынбасары (02.2003 – 01.2004), ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрағасы (01.2004 – 01.2006), Еуразиялық даму банкі (ЕАДБ) басқарма төрағасының орынбасары (06.2006 – 11.2007), ҚР Қаржы министрі (11.2007 – 11.2013), ҚР Өңірлік даму министрі (11.2013 – 08.2014), «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Басқарма төрағасы (08.2014 – 04.2019), «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (04.2020 – 08.2022).

2020 жылғы 30 қазанда «Bank RBK» банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып тағайындалды.

2022 жылғы 15 қаңтарда «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы болып сайланды.

2022 жылғы 17 ақпанда «Самұрық-Қазына» қоғамдық кеңесінің төрағасы болып сайланды.

**Марапаттары: «Құрмет» ордені, «Парасат» ордені, «Астанаға 10 жыл» мерекелік медалі.**



**ЛУКА  
СУТЕРА**

**Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор**

Сайланған күні: 2020 жылғы шілде.

**Білімі:**

- Л. Боккони университеті (Италия) – Бизнес экономикасы магистрі дәрежесі
- IE Business School халықаралық мектебі (Испания) – Global Executive MBA топ-басшыларға арналған MBA бағдарламасы
- Дипломы бар бухгалтер (CPA)
- Дипломы бар директор (ClOD)

**Еңбек қызметі:**

Сутера мырза 25 жылдық тәжірибесі бар қаржы және инвестициялар саласындағы тәжірибелі басшы, оның 17 жылын Еуропадағы, Ресейдегі және Таяу Шығыстағы жаһандық энергетикалық компаниялар мен тәуелсіз әл-ауқат қорларының қаржы директоры болып жұмыс істеген. Қазіргі уақытта Сутера мырза Asterion Industrial Partners компаниясының операциялық серіктесі, еуропалық инфрақұрылымға мамандандырылған жетекші еуропалық инвестицияларды басқару фирмасы және британияның жетекші интеграцияланған коммуналдық компаниясы Energy Asset Group компаниясының қаржы директоры. Energy Asset Group-қа келгенге дейін 2015 жылдан 2020 жылға дейін Сутера Мырза Қатарда орналасқан мемлекеттік жаһандық энергетикалық компания Nebras Power компаниясының бас қаржы директоры қызметін атқарды. 2011 жылдан 2015 жылға дейін Сутера Мырза Абу-Дабиде орналасқан мемлекеттік жаһандық энергетикалық компания TAQA-да Global Power & Water Division бас қаржы директоры лауазымын атқарды.



**ДЖОН  
ДУДАС**

**Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор**

Сайланған күні: 2019 жылғы желтоқсан.

**Білімі:**

- Витватерсранд университеті (ОАР) – тау-кен ісі бойынша бакалавр;
- Витватерсранд университеті (ОАР) – тау-кен металлургиясы бойынша магистр;
- Хериот-Уотт университеті – (Ұлыбритания) – MBA дәрежесі.

**Еңбек қызметі:**

Дудас мырза өзінің еңбек мансабын 1984 жылы Rand Mines Ltd компаниясында бастады және бірқатар шикізат компанияларында, соның ішінде BHP-де әртүрлі басшылық қызметтер атқарды, ол жаһандық Алюминий бөлімшесінің бас директоры болды. 2012 жылдан бастап Дудас мырза көпұлтты тау-кен және кәсіби сервистік компанияларда тәуелсіз Корпоративтік кеңесші болып жұмыс істеді. 2015 жылғы қарашадан 2019 жылғы желтоқсанға дейін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болды және 2018 жылы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Жалғыз акционердің 2019 жылғы 6 желтоқсандағы шешімімен (ҚР Үкіметінің № 907 қаулысы) «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде сайланды.

Қордың Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 167 шешімімен Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

ҚР Премьер-Министрінің Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы қызметіне сайлануына байланысты Жалғыз акционердің 2023 жылғы 16 қаңтардағы шешіміне сәйкес (ҚР Үкіметінің № 19 қаулысы) Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі тәуелсіз директор ретінде сайланды.

**Джон Дудас 2023 жылғы 1 мамырдан бастап өзінің өтініші негізінде өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатты.**



**НҰРЛАН  
ҚАРШЫҒАҰЛЫ  
ЖАҚЫПОВ**

**«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы**

Сайланған күні: 2023 жылғы сәуір.

**Білімі:**

- РФ СИМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті – Экономика бакалавры, Экономика магистрі, Экономика ғылымдарының кандидаты

**Еңбек қызметі:**

Нұрлан Қаршығаұлы 2001-2003 жылдары Еуразия өнеркәсіптік қауымдастығында (ENRC) қаржы талдаушысы болып жұмыс істеді. 2003-2004 жылдары Chambishi Metals PLC (Замбия, Китве қ.) бизнес менеджері және 2004-2007 жылдары Research, Investment and Development Ltd. жобалық менеджері болды. 2007-2009 жылдары Credit Suisse базалық материалдар командасы биржада сауда жасайтын компания акцияларының құны бойынша талдаушы болып жұмыс істеді. 2009-2011 жылдары «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі болды. 2011-2012 жылдары «RBS (Kazakhstan)» Еншілес банкі» АҚ Астанадағы өкілдігінің басшысы, Инвестициялық банкинг департаментінің директоры болды. 2012-2016 жылдары Инвестициялық банкинг департаментінің атқарушы директоры, Астана қаласындағы UBS AG Almaty Representative Office өкілдігінің Басшысы болып жұмыс істеді, 2016-2017 жылдары «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ даму және инвестициялар жөніндегі Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі болды. 2017-2019 жылдары «Астана» ӘКК» АҚ Басқарма төрағасы болып жұмыс істеді. 2019-2020 жылдары Қазақстанда Rothschild & Co өкілі болды. 2020 жылдан 2023 жылғы сәуірге дейін «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company» Ltd. Басқарма төрағасы болып жұмыс істеді.

**2023 жылғы 4 сәуірде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды.**

## Қордың Директорлар кеңесінің құрамындағы 2022-2023 жылдардағы өзгерістер

Күні	Директорлар кеңесінің мүшесі	Оқиға
2022 жылғы 28 қаңтар	Қанат Алдабергелұлы Бозымбаев	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды
2022 жылғы 28 қаңтар	Вячеслав Константинович Ким	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды
2022 жылғы 28 қаңтар	Данияр Талғатұлы Ақышев	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды
2022 жылғы 19 ақпан	Онг Бун Хви	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды
2022 жылғы 1 шілде	Болат Бидахметұлы Жәмішев	Тәуелсіз директор ретінде Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
2023 жылғы 16 қаңтар	Әлихан Асханұлы Смайылов Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (лауазымы бойынша)	Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды
2023 жылғы 4 сәуір	Алмасадам Майданұлы Сәтқалиев	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды
2023 жылғы 4 сәуір	Нұрлан Қаршығаұлы Жақыпов Қор басқармасының төрағасы (лауазымы бойынша)	Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
2023 жылғы 1 мамыр	Джон Дудас	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды

### Директорлар кеңесінің 2022 жылғы жұмысы

Есепті кезеңде Қордың Директорлар кеңесі стратегиялық мақсаттар призмасы арқылы оның құзыретіне кіретін міндеттерді шешуге шоғырландырылды. Мәселелер тізбесі және олар бойынша шешімдер Директорлар кеңесі отырыстарының тиісті хаттамалары мен шешімдерінде көрсетілген. Директорлар кеңесінің отырыстары Қордың Директорлар кеңесінің

жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын өткізу дауыс берудің бетпе-бет немесе сырттай нысандары арқылы жүзеге асырылды.

*Директорлар кеңесі ұйымның ұзақ мерзімді құнын өсіру және орнықты дамуы бойынша қабылдаған шаралар шеңберінде 2022 жылы Қордың Директорлар кеңесінің 18 отырысы өткізілді, оның 12-сі бетпе-бет және 8-і*

*сырттай отырыстар. Барлығы 121 мәселе қаралып, 208 тапсырма берілді.*

Қордың Директорлар кеңесінің 2018 – 2022 жылдар кезеңіндегі қызметін салыстырмалы талдау қорытындылары бойынша 2022 жылы қаралған мәселелер санының ұлғаюы, сондай-ақ сырттай отырыстар санының азаюы байқалады, бұл корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибелеріне сәйкес келеді.

Көрсеткіш	2018	2019	2020	2021	2022
Отырыстар саны	11 (8 бетпе-бет/ 3 сырттай)	10 (6 бетпе-бет/ 4 сырттай)	15 (5 бетпе-бет/ 10 сырттай)	10 (8 бетпе-бет/ 2 сырттай)	18 (12 бетпе-бет/ 6 сырттай)
Мәселелер саны	111	88	101	116	121

## Директорлар кеңесі 2022 жылы санаттар бойынша қараған мәселелер:

<b>Стратегиялық мәселелер</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қордың 2023-2032 жылдарға арналған даму жоспарын мақұлдау</li> <li>• Төмен көміртекті даму тұжырымдамасын (Төмен көміртекті бизнес-модельге көшу жөніндегі жоспарды) бекіту</li> <li>• Қордың активтерін бәсекелес ортаға беру, Қордың компанияларын беру тәсілін айқындау</li> <li>• «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының акцияларын IPO-ға шығару</li> <li>• Өзге ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін сатып алу</li> </ul>
<b>Экономика және қаржы саласындағы мәселелер</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 2022 – 2024 жылдары Қордың аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау</li> <li>• Қордың 2021 жылғы жылдық қаржылық есебін (шоғырландырылған және жеке), таза кірісті бөлу тәртібін алдын ала бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және бір жай акцияға есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту</li> <li>• Жылдық бюджетті және 2023 – 2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту</li> <li>• Қордың меншікті капиталы мөлшерінің бір және одан да көп пайызы сомасында қарыз алуды тарту және Қордың облигацияларын шығару шарттарын айқындау</li> <li>• Қордың стратегиялық сипаттағы мүдделілігі бар мәмілелер жасасу жолымен Қордың міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту</li> </ul>
<b>Есептер</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Басқарма төрағасының және Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директордың қызмет көрсеткіштері бойынша есептері</li> <li>• Қордың компаниялар тобында қауіпсіздік, еңбекті қорғау және COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын болдырмау мәселелері бойынша есептер</li> <li>• Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қор арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісімнің іске асырылу барысы туралы есеп</li> <li>• Қордың және портфельдік компаниялардың сыни қатерлерінің жағдайы туралы есептер</li> <li>• Қордың 2021 жылғы жылдық есебі</li> <li>• Қордың тұрақты дамуы саласындағы 2021 жылғы есеп</li> <li>• Қордың Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің 2021 жылғы қызметі туралы есептер</li> <li>• Қордың 2021 жылғы Қайырымдылық бағдарламасының орындалуы туралы жылдық есеп</li> <li>• Қордың корпоративтік басқаруын диагностикалау нәтижелері туралы есеп (өзін-өзі бағалау форматында).</li> </ul>
<b>Қордың еншілес және тәуелді ұйымдарының мәселелері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қордың акцияларын жарияланған акциялар шегінде орналастыру, оларды орналастыру тәсілін, санын және бағасын айқындау</li> <li>• Қордың жасауға мүдделілігі бар мәмілелер жасасуы</li> <li>• Қордың шоғырландырылған лимитін белгілеу және шетелдік компанияларға қойылатын талаптарды қалыптастыру</li> <li>• Қор тобының Қайырымдылық бағдарламасына қайырымдылық қажеттіліктеріне (әлеуметтік жобаларға) сомаларды айқындау бөлігінде өзгерістер енгізу</li> </ul>
<b>Корпоративтік басқару мәселелері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қордың корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп</li> <li>• Картаны/тәуекелдер тіркелімін және тәуекел-тәбетті бекіту</li> <li>• Директорлар кеңесі мен Қор Басқармасы комитеттерінің құрамдарын жаңарту</li> <li>• Қор басқармасы мүшелерінің Қор тобының кейбір компанияларында және басқа да ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшесі және байқау кеңесінің мүшесі лауазымына орналасуына келісім беру</li> <li>• Қордың корпоративтік басқару кодексін өзгерту</li> </ul>
<b>Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту/өзектендіру</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қордың және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік құқығында Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібі</li> <li>• Қордың кадр саясаты</li> <li>• Қор мүдделерінің қақтығысын реттеу жөніндегі саясат</li> <li>• Қор тобының ішкі кредит саясаты</li> <li>• Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік құқығында Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі Қордың және ұйымдардың активтерін бәсекелес ортаға беру қағидалары</li> <li>• Қор басқармасының төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары</li> <li>• Қордың Ішкі аудит қызметі Омбудсменінің, Корпоративтік хатшысының және қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, сыйақы төлеу, қызметін бағалау және оларды әлеуметтік қолдау қағидалары</li> </ul>

## Қор тобы бойынша корпоративтік басқаруды күшейту

Корпоративтік басқаруды күшейту – компаниялардың ұзақ мерзімді құнын ұлғайту үшін базальқ аспектілердің бірі. IPO-ға шығу жоспарлары мен мерзімдеріне қарамастан, барлық ПК үшін корпоративтік басқару практикаларын комплаенс, ақпаратты ашу, шешімдер қабылдаудың ашықтығы, сатып алулар және корпоративтік басқарудың басқа да аспектілері бөлігінде жетекші халықаралық биржалардың листингтік талаптарының деңгейіне дейін айтарлықтай жақсарту мақсаты қойылған.

Корпоративтік басқарудың үздік әлемдік практикаларын іске асыру акционерлер мен инвесторлардың компанияны қабылдау деңгейін арттыруға, қарыз капиталының құнын төмендетуге және нәтижесінде компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыруға мүмкіндік береді.

2022 жылы Қор портфельдік компаниялардағы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету және корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіру жөнінде жүйелі шаралар қабылдады:

- **стандарттарды жетекші листингтік биржалардың талаптарына, ЭЫДҰ ережелеріне, Financial Conduct Authority, Institute of Directors ұсынымдарына барынша жақындату.** Барлық ПК-да Директорлар кеңесі мен Басқарма құзыреттері мен өкілеттіктерінің аражігін ажырату бөлігінде Директорлар кеңесі туралы Жарғылар мен ережелер жаңартылды, отырыстарды өткізу тәртібі және Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдардың форматы біріздендірілді;
- портфельдік компаниялардың **Директорлар кеңесінің рөлін күшейту** және жоғары кәсіби

тәуелсіз директорларды тарту есебінен Директорлар кеңесінің тәуелсіз, объективті шешімдерін қабылдауды қамтамасыз ету. Тәуелсіздік және дағдылар, тәжірибе, әртүрлілік және инклюзивтілік элементтері, салалық ерекшеліктер бойынша теңгерімді сақтау бөлігінде Директорлар кеңесінің мүшелігіне іріктеу критерийлері жоғарылатылды (тиісті талаптар Кодекске енгізілді, Қордың тобы бойынша Директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорлардың үлесі 43 %-ға, Қор тобы бойынша әйелдердің үлесі – 15 %-ға дейін жеткізілді);

- **процестерді бюрократияландыру,** артық буындарды болдырмау, құжаттарды қарау және келісу кезінде Қордың және портфельдік компаниялардың өзара іс-қимылының бизнес-процестерін оңтайландыру және іске асырудың тиімділігін арттырудың қосымша тетіктерін құру. Портфельдік компаниялармен өзара іс-қимыл жөніндегі саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;
- **ақпаратты сапалы ашу.** Жылдық есепті және орнықты даму жөніндегі есепті қалыптастыру бойынша тәсілдер қайта қаралды, Тәуелсіз әл-ауқат қорларын басқарушылардың халықаралық тобына (IFSWF) жіберілген Сантьяго қағидаттарына сәйкестігі туралы Қордың өзін-өзі бағалауы бойынша есеп дайындалды;
- **ESG қағидаттарын енгізу.** Кодекс ESG қағидаттарын енгізу бөлігінде жаңартылды. Портфельдік компанияларда ESG тәжірибелерін енгізу бойынша интеграцияланған жоспарлар бекітілді. ҚАӨ, ҚМГ және ҚТЖ ESG-рейтингтер алды, қалған портфельдік компанияларда дайындық жұмыстары жүргізілуде.

## Директорлар кеңесінің рөлін арттыру. Директорлардың тәуелсіздігі және мүдделер қақтығысы

Директорлар кеңестері құрамдарының құрылымдары директорлар кеңестерінің негізгі жұмыс органдары болып табылатын толыққанды және тиімді комитеттерді қалыптастыру жөніндегі талаптарды ескере отырып құрылатын болады. Қор ПК директорлар кеңесі құрамдарының сабақтастығымен жұмысты қолдайтын болады. Бұл үшін ПК директорлар кеңесінің әлеуетті мүшелері үшін Қордың кадр резервін қолдау, сондай-ақ нысаналы бейінге сәйкес келетін директорларды іріктеу және жалдау бойынша сапалы жұмыс қамтамасыз етілетін болады.

Директорлар кеңесінің Қорды басқарудағы рөлі тәуелсіз директорлардың пікіріне назар аударатын, тұрақты негізде жоғарылайды. Қор ПК-дағы тәуелсіз директорлардың үлесін 50% деңгейінде қолдауға ұмтылатын болады.

Қор тобының Директорлар кеңестерінің құрамына қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық мүдделі тараптарға әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде тәуелсіз директорлар кіреді.

Жекелеген акционерлердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан бос тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар тұлға тәуелсіз директор болып танылады.

Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұйымның Жарғысына сәйкес белгіленеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген та-

лаптардан басқа, 2022 жылы Қор Ұлыбританияның **Корпоративтік басқару** кодексiнiң нұсқамаларына сәйкес **тәуелсiздiк** критерийлерiн күшейттi:

- соңғы үш жыл iшiнде компанияның немесе топтың қызметкерi болып табылса немесе болған болса;
- компаниямен тiкелей не компаниямен осындай қатынастарды қолдайтын органның серiктесi, акционерi, директоры немесе бас менеджерi ретiнде соңғы үш жыл iшiнде материалдық iскерлiк қатынастары болса немесе болмаса;
- директордың сыйақысынан басқа компаниядан қосымша сыйақы алған немесе алған, компанияның акцияларына опционға немесе қызмет нәтижелерiн ескере отырып, төлем схемасына қатысады немесе компанияның зейнетақы схемасының қатысушысы;
- директорлар кеңесiне мүшелiкке ие болса немесе басқа компанияларға немесе органдарға қатысу арқылы басқа директорлармен байланысы болса;
- iрi акционердiң атынан;
- Директорлар кеңесiнде бiрiншi тағайындалған сәттен бастап тоғыз жылдан астам жұмыс iстедi.

Тәуелсiз директор тәуелсiздiк мәртебесiнiң жоғалуын қадағалайды және осындай жағдайлар болған жағдайда Директорлар кеңесiнiң төрағасына алдын ала хабарлайды.

2022 жыл iшiнде Қор тобы директорларының тәуелсiздiк мәртебесiн сақтауды қамтамасыз ету жөнiндегi жұмысты жалғастырды.

### **Директорлар кеңесi қараған тәуекелдердi басқару жөнiндегi мәселелер**

Қолданыстағы Тәуекелдердi басқару және iшкi бақылау жөнiндегi саясатқа сәйкес Директорлар кеңесi тәуекелдердi басқару жүйесiн қолдау және дамыту үшiн

тиiстi көшбасшылық мәдениетiн қалыптастыруда, сондай-ақ осы көшбасшылық мәдениетiн Қордың бүкiл тобында көрсетудi қамтамасыз ететiн тетiктердi енгiзуде маңызды рөл атқарады. Директорлар кеңесi тәуекелдердi басқару, iшкi бақылау және аудит жүйесi шеңберiнде мәселелердi талқылауға белсендi қатысады және тиiстi бизнес-процестердiң тиiмдiлiгi мен жақсартылуы бойынша ұсынымдар бередi.

Тәуекелдердi тиiмдi басқару мақсатында Директорлар кеңесi «қорғаудың үш желiсi» қағидатын анықтады. Қорғаудың бiрiншi желiсi тәуекелдердi азайтуда негiзгi рөл атқаратын бизнес-процестердiң тiкелей иелерi. Екiншi қорғау желiсi бақылау функциялары, оның iшiнде Тәуекелдердi басқару және iшкi бақылау департаментi, Комплаенс қызметi, Тәуекелдердi басқару жүйесiн жалпы ұйымдастыруға жауапты және бiрiншi қорғау желiсiн әдiснамалық қолдауды қамтамасыз ететiн Қауiпсiздiк қызметi. Үшiншi қорғау желiсi тәуекелдердi басқару жүйесiнiң тиiмдiлiгiн объективтi және тәуелсiз бағалауды қамтамасыз ететiн Iшкi аудит қызметi.

Директорлар кеңесi Қордың және портфельдiк компаниялардың сыни қатерлерiнiң жағдайы туралы есептердi, тәуекелдердi басқару жөнiндегi iс-шараларды тоқсан сайынғы негiзде қарайды, карталарды/тәуекелдер тiркелiмдерiн және алдағы кезеңге тәбеттi бекiтедi. Мұқият талдау мен талқылаулардың қорытындылары бойынша тәуекелдердi одан әрi төмендету және тәуекелдердi басқарудың корпоративтiк жүйесiн жетiлдiру бойынша шешiмдер қабылданады.

Жазатайым оқиғалардың тәуекелдерiн, маңызды инвестициялық жобалардың тәуекелдерiн, әлеуметтiк тұрақсыздық тәуекелдерiн, қаржылық тәуекелдердi, сот талқылауларының тәуекелдерiн, беделге нұқсан келтiру тәуекел-

дерiн, санкциялық заңнаманың ықпал ету тәуекелдерiн, жекешелендiру бағдарламасының тәуекелдерiн қоса алғанда, барлық түйiндi тәуекелдер Директорлар кеңесiнiң назары мен бақылауында болды.

### **Директорлар кеңесiнiң қызметiн бағалау**

2022 жылы Директорлар кеңесiнiң және Қордың негiзгi құрылымдық бөлiмшелерiнiң мүшелерiне мынадай бес бағыт бөлiнiсiнде сауалнама жүргiзу арқылы Директорлар кеңесiнiң қызметiн өзiн-өзi бағалауды қоса алғанда, корпоративтiк басқаруды бағалау жүргiзiлдi:

- 1) Директорлар кеңесi мен басқарма тиiмдiлiгi;
- 2) тәуекелдердi басқару, iшкi бақылау және аудит;
- 3) тұрақты даму;
- 4) Жалғыз акционердiң құқықтары;
- 5) ашықтық.

Бағалауға шолу 2021 жылғы 1 шiлдеден бастап 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейiнгi кезеңдi қамтыды.

Қордың корпоративтiк басқаруының жалпы рейтингi өзiн-өзi бағалау қорытындылары бойынша 2021 жылғы рейтингпен салыстырғанда ұлғайды, ол «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсiз бағалау қорытындысы бойынша қойылған. Рейтингтiң ұлғаюына тәуекелдердi басқару, тұрақты даму және ашықтық сияқты бағыттар бойынша шаралардың айтарлықтай жақсаруы әсер еттi.

Диагностика қорытындысы бойынша корпоративтiк басқарудың тиiмдiлiгiн одан әрi арттыру бойынша негiзгi ұсыныстар берiлдi. Осы ұсынымдар шеңберiнде Қор корпоративтiк басқару сапасын жақсарту жөнiндегi жұмысты жалғастырады.

## Директорлар кеңесі мүшелерінің 2022 жылғы отырыстарға қатысуы туралы ақпарат

### № Директорлар кеңесінің мүшесі, лауазымы

### Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу (%)

1. Д. Дудас – Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор	83%
2. Т.М. Сүлейменов – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары	94%
3. Ә.С. Қуантыров – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі	83%
4. Б.Б. Жәмішев – тәуелсіз директор	100%
5. Л. Сутера – тәуелсіз директор	89%
6. Б.Х. Онг – тәуелсіз директор *	100%
7. А.М. Сәтқалиев – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қор Басқармасының төрағасы	100%

\*2022 жылғы 19 ақпанда Қордың Директорлар кеңесінің құрамынан шықты

Ескертпе: Директорлар кеңесінің мүшелері Қордың Директорлар кеңесінің отырыстарына дәлелді себептермен қатыспаған.

## Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер

Директорлар кеңесінің шешімдері әрбір мәселені талқылау және талдау үшін жеткілікті уақыт бөлетін тиісті комитеттер мұқият қарағаннан кейін жай көпшілік дауыспен қабылданады.


Комитеттер Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді терең және мұқият қарауға, әсіресе аудит, тәуекелдерді басқару, Қор саясатын тиісінше

және тиімді қолдану, тұрақты даму, оның ішінде өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері сияқты бағыттар бойынша қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Комитеттер толық талдау жүргізу және Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері

бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды. Комитеттердің төрағалары комитеттің қызметі туралы есеп дайындайды және Директорлар кеңесінің алдында бір жылдағы қызметінің қорытындылары туралы есеп береді.

## ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ



## Аудит комитеті

### Комитеттің рөлі

Аудит комитеті Қордың Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы және Қордың Директорлар кеңесіне оның қаржылық есебінің тұтастығына, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігіне, сондай-ақ корпоративтік басқару қағидаттары мен заңнаманың

сақталуына бақылау функцияларын орындауға жәрдемдесу үшін құрылды. Аудит комитеті сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесіне сыртқы аудиторды тағайындау немесе қайта тағайындау туралы ұсынымдар береді.

Корпоративтік басқару кодексінің нұсқамаларына сәйкес Аудит комитетінің құрамына бухгалтер-

лік есеп пен аудит, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау саласында терең білімі және практикалық тәжірибесі бар тәуелсіз директорлар ғана кіреді.

### Аудит комитетінің құрамындағы өзгерістер

2022 жылғы 19 ақпанда тәуелсіз директор Онг Бун Хви

Директорлар кеңесі мен Аудит комитетінің құрамынан шықты. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 8 сәуірдегі № 195 шешіміне сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ тәуелсіз директоры Джон Дудас Аудит комитетінің мүшесі болып сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 200 шешіміне сәйкес Болат Бидахметұлы Жәмішев Аудит комитетінің мүшесі болып сайланды.

### Аудит комитетінің 2022 жылғы жұмысы

Бір жыл ішінде Аудит комитеті сыртқы және ішкі аудит, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі, қаржылық есептілік, корпоративтік басқару және комплаенс саласындағы 54 мәселені қарады. Материалдардың, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесіне ұсынылатын ұсынымдардың сапасын арттыру мақсатында Аудит комитеті қатысушылардың санын ескере отырып, күн тәртібінің әрбір тармағын қарау және талқылау үшін жеткілікті уақыт бөлу үшін отырыстарды жоспарлау мен дайындауға ерекше назар аударды.

### Сыртқы аудит мәселелері бойынша

- 2022-2024 жылдары «Самұрық-Қазына» АҚ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды іріктеу және тағайындау процесін үйлестірді;
- 2021 жылға арналған «Самұрық-Қазына» АҚ аудитін жоспарлау туралы есепті қарады;
- 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған «Самұрық-Қазына» АҚ шоғырландырылған және жеке қаржылық есеп аудитінің нәтижелерін қарады және аудиторлардың тәуелсіздігіне көз жеткізді;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңдегі аралық

- қысқартылған шоғырландырылған және жеке қаржылық есептің шектеулі шолу рәсімдерінің нәтижелерін қарады;
- 2021 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Тобына аудиторлық ұйымдар көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтердің көлемі туралы ақпаратты қарады, сондай-ақ 2021 жылы аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді көрсеткені үшін «Самұрық-Қазына» АҚ сыртқы аудиторға төленген сыйақы туралы ақпаратты Қордың корпоративтік интернет-ресурсында жариялауға бекітті;
  - «Самұрық-Қазына» АҚ және оның еншілес ұйымдары үшін «Самұрық-Қазына» АҚ аудиторлық ұйымы көрсететін консультациялық аудиторлық емес қызметтерді көрсетуді мақұлдау туралы мәселелерді қарады.

### Ішкі аудит мәселелері бойынша

- Өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын қарады;
- Тоқсан сайынғы аудиторлық есептерді бекітілген Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес қарады, сондай-ақ жоспардан тыс тексерулер бойынша есептерді зерделеді;
- Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жұмыс тиімділігін, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жеке даму жоспарларын бағалады;
- Ішкі аудиттің тәуелсіздігін арттыру және жеткілікті ресурстардың болуы үшін Аудит комитеті Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне жататын Ішкі аудит қызметінің жеке бюджетін енгізуді мақұлдады;
- Жыл бойы бизнес-процестердің тиімділігін арттыруға және қосылған құнды құруға бағытталған құндылыққа бағдарланған аудиттерді ілгерілету бойынша айтарлықтай күш-жігер жұмсалды.

### Комплаенс қызметі мәселелері бойынша

- Комплаенс қызметінің 2022 жылғы жартыжылдық есебі қаралды;
- «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатқа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдарды қарады және ұсынды;
- Комплаенс қызметінің басшысы ұсынған ұсыныстар негізінде «Самұрық-Қазына» АҚ Комплаенс қызметінің қызметкерлерін тағайындауды қарады және бекітті;
- Үшінші тарап басқаратын «Жедел желі» жұмысының нәтижелерін талабын сақтаудың бұзылғандығы және әдепсіз мінез-құлқы туралы жасырын хабарлау үшін қарады.

### Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша

- 2021 және 2022 жылдары Қор тобының тәуекелдері бойынша шоғырландырылған тоқсандық және жылдық есептерді қарады және Директорлар кеңесіне ұсынды;
- «Самұрық-Қазына» АҚ ішкі бақылау жүйесі аясында қорғаудың екінші желісін дамыту бойынша алдын ала жоспар бойынша ұсынымдарды қарады және берді;
- Жыл бойы Аудит комитеті тәуекел мәселелерін талқылауға және ашық және ашық қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ негізгі тәуекелдерді сапалы талқылауға ықпал ете отырып, тәуекел иелерімен өзара іс-қимылға айтарлықтай уақыт бөлді;
- Қосымша Аудит комитеті тәуекелдер бойынша есептерді дайындау мерзімі мен сапасы, тәуекелдерді жіктеу бойынша, олардың компанияның қаржылық жағдайына әсері бойынша, сондай-ақ тәуекелдерді басқару шаралары бойынша ұсыныстар берді.



**Қаржылық есеп мәселелері бойынша**

- 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған «Самұрық-Қазына» АҚ Жеке және Шоғырландырылған қаржылық есебін қарады және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынды;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2022 жылғы 30 наурызда және 30 маусымда аяқталған 3 және 6 айдағы аралық қысқартылған шоғырландырылған және жеке қаржылық есебін қарады;
- Толық шолу жүргізіп, басшылықпен және сыртқы аудит өкілімен талқылады:
  - қаржылық есепке енгізілген негізгі көрсеткіштерді, әсіресе айналымнан тыс активтердің құнсыздануына байланысты көрсеткіштерді;
  - Қызметтің үздіксіздігі және өтімділік туралы;
  - Кредиттік ковенанттарды сақтау туралы;
  - Қаңтар оқиғасы мен Ресей Федерациясына қарсы санкциялардың Қор тобының қызметіне әсері туралы.
- Бұдан басқа Аудит комитеті бизнес процестерді автоматтандыру және цифрландыру процесін, сондай-ақ қаржылық есеп жүйесін жеделдету бойынша ұсыныс берді.

**Корпоративтік басқару мәселелері бойынша**

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті қарады;
- 2021 жылға арналған «Самұрық-Қазына» АҚ тұрақты даму саласындағы жылдық есебі мен есептілігін қарады және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынды;
- Тұрақты даму, инвестициялық имиджі және мүдделі тараптардың сенімі саласындағы есепке сенімді арттыру мақсатында Аудит комитеті келесі жылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның тұрақты даму туралы есебін тәуелсіз сыртқы аудит жүргізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесіне «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының «Корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» мәселені қарады және «Самұрық-Қазына» АҚ Жалғыз

акционерінің қарауына шығаруды ұсынды.

2022 жылы Аудит комитеті барлығы 18 отырыс, оның ішінде 7 бетпе-бет және 11 сырттай отырыс өткізді. Аудит комитеті өз құзыреті шегінде түрлі салаларда 54 мәселені қарады, олардың 74%-ы бетпе-бет отырыстар шеңберінде қаралды және 26%-ы сырттай отырыстарда қаралды.

Сырттай отырыстар Қордың саясатына сәйкес және сыртқы аудиторлық ұйымның тәуелсіздігін сақтауды қамтамасыз ету мақсатында сыртқы аудитор ұсынатын аудиторлық емес қызметтерді бекітуге арналғанын атап өткен жөн.

Бұдан басқа Ішкі аудит қызметі басшысының, Комплаенс қызметі басшысының және Қор басшылығының қатысуымен ішкі және сыртқы аудит, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау, корпоративтік басқару және комплаенс мәселелерін талқылау үшін Аудит комитеті отырыстарының шеңберінен тыс бірқатар кездесулер ұйымдастырылды.

**Комитет мүшелерінің 2022 жылғы отырыстарға қатысуы**

№	Аудит комитетінің мүшесі	Лауазымы	Комитеттің отырыстарына қатысу (%)
1.	Лука Сутера	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет төрағасы	100%
2.	Онг Бун Хви*	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитеттің мүшесі	100%
3.	Джон Дудас	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитеттің мүшесі	100%
4.	Болат Бидахметұлы Жәмішев	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитеттің мүшесі	100%

\*2022 жылғы 19 ақпанда Қордың Директорлар кеңесінің құрамынан шықты

## Стратегия комитеті

### Комитеттің рөлі

Қордың Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы шешімімен Қор қызметінің стратегиялық бағыттарын қозғайтын мәселелер бойынша алдын ала қарау және Қордың Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу құзыретіне кіретін Стратегия комитеті құрылды.

### Стратегия комитетінің құрамындағы өзгерістер

Комитет кемінде үш мүшеден тұрады, оның біреуі тәуелсіз директор болуға тиіс. Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімі олардың Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді.

2022 жылғы 6 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі қызметін атқарған Әсет Арманұлы Ирғалиев Стратегия комитетінің төрағасы болды. 2022 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Әлібек Сәкенұлы Қуантыров Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі болып тағайындалды.

2022 жыл ішінде Қордың Директорлар кеңесінің стратегия комитетінің келесі мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды:

- Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 18 ақпандағы № 192 шешімімен тәуелсіз директор Ким Вячеслав Константинович

2022 жылғы 17 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіле отырып, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініші негізінде;

- 2022 жылғы 19 ақпаннан бастап шешім қолданысқа енгізіле отырып, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініші негізінде тәуелсіз директор Онг Бун Хви Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 200 шешімімен бекітілді.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамының өзгеруіне байланысты шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіле отырып, Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 200 шешіміне сәйкес тәуелсіз директор Болат Бидахметұлы Жәмішев Стратегия комитетінің мүшесі болып сайланды.

Жоғарыда аталған өзгерістерге байланысты Стратегия комитетінің жаңартылған құрамы мынадай: Әлібек Сәкенұлы Қуантыров – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі – Комитет төрағасы; Джон Дудас – тәуелсіз директор; Болат Бидахметұлы Жәмішев – тәуелсіз директор.

### Стратегия комитетінің 2022 жылғы жұмысы

2022 жылы Стратегия комитетінің 7 бетпе-бет отырысы өткізілді.

Комитет отырыстары Комитеттің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өтті, ол өз кезегінде Комитет қызметінің 2022 жылға арналған бірінші кезектегі және неғұрлым маңызды мәселелерін қамтыды.

Комитет отырыстарында мынадай мәселелер қаралып, талқыланды:

- 10 жылдық кезеңге арналған стратегиялық жоспарды және жоспарлаудың 5 жылдық кезеңіне арналған орта мерзімді іс-шаралар жоспарын мақұлдау;
- Қордың және оның портфельдік компанияларының жоспарланатын 2023-2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарларында, сондай-ақ көрсетілген кезеңге арналған Іс-шаралар жоспарын түзетуге байланысты 2022-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарларында пайдалану үшін соңғы макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын бекіту;
- орта мерзімді Іс-шаралар жоспарының мониторингі;
- ірі инвестициялық жобалар мониторингі, сондай-ақ 13 басым жобаны іске асыру мәртебесі;
- Қордың төмен көміртекті бизнес-модельге көшуі жөніндегі жоспарды қоса алғанда, Қордың төмен көміртекті дамуға көшу жөніндегі тұжырымдамасын мақұлдау;
- Комитеттің жұмыс жоспарын бекіту және Директорлар кеңесіне Комитеттің жұмысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну.

## Комитет мүшелерінің 2022 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Стратегия комитетінің мүшесі	Лауазымы	Комитеттің отырыстарына қатысу (%)
1.	Әлібек Сәкенұлы Қуантыров	ҚР Ұлттық экономика министрі, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет төрағасы	100%
2.	Джон Дудас	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы, Комитет мүшесі	100%
3.	Болат Бидахметұлы Жәмішев	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитеттің мүшесі	100%

## Тағайындау және сыйақы комитеті

### Комитеттің рөлі

Тағайындау және сыйақы комитеті Директорлар кеңесінің, Басқарма құрамдарына, Корпоративтік хатшы лауазымына білікті мамандарды тарту, тәуелсіз директорлардың сыйақыларын мақұлдау, Басқарма мүшелері мен Корпоративтік хатшының еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары мәселелері бойынша ұсыныстар беруге және ұсыныстар қалыптастыруға жауапты.

Тағайындау және сыйақы комитетінің құрамына объективті және тәуелсіз шешімдер әзірлеу және комитет мүшелерінің пайымдауларына мүдделі тұлғалардың ықпал етуіне жол бермеу мақсатында тәуелсіз директорлардың көпшілігі кіреді.

### Тағайындау және сыйақы комитетінің құрамындағы өзгерістер

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 34 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Т. М. Сүлейменова Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамының жоғарыда көрсетілген өзгеруіне байланысты Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 18 ақпандағы № 192 шешімімен Тағайындау және сыйақы комитетінің құрамы қайта қаралды, оның ішінде Қордың Жалғыз акционері оны Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайлау туралы шешім қабылдаған күннен бастап Комитет мүшесі болып Т. М. Сүлейменов сайланды.

Комитеттің құрамына 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мынадай тұлғалар кірді:

- Джон Дудас – тәуелсіз директор – Комитет төрағасы;
- Тимур Мұратұлы Сүлейменов – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары, Комитет мүшесі;
- Лука Сутера – тәуелсіз директор, Комитеттің мүшесі.

### Тағайындау және сыйақы комитетінің 2022 жылғы жұмысы

2022 жылы Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитетінің 7 (жеті) отырысы өткізілді, оның ішінде 4-і бетпе-бет және 3-і сырттай отырыстар.

Комитеттің отырыстары Комитеттің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өтті.

Комитет отырыстарында мынадай мәселелер қаралып, талқыланды:

- Директорлар кеңесі үшін Басқарма мүшелерін сайлау туралы ұсыныстар қалыптастыру;
- ішкі нормативтік құжаттарға, оның ішінде Кадр саясатына, менеджменттің және Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге байланысты өзгерістер мен толықтыруларды қарау;
- Қор қызметінің корпоративтік түйінді көрсеткіштерін Қор ҚТК картасы және Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау түрінде қарау;
- Корпоративтік хатшының, Омбудсменнің мақсаттарын және олардың қызметінің нәтижелерін мақұлдау;
- Комитеттің жұмыс жоспарын бекіту және Директорлар кеңесіне Комитеттің жұмысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну.

2022 жылы бейнеконференция байланысы арқылы Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитетінің 7 (жеті) отырысы өткізілді, оның 4-і бетпе-бет және 3-і сырттай отырыстар. Жұмыс жоспарына сәйкес 20 (жиырма) мәселе қаралды.

## Комитет мүшелерінің 2022 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Тағайындау және сыйақы комитетінің мүшесі	Лауазымы	Комитеттің отырыстарына қатысу (%)
1.	Джон Дудас	Қордың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің төрағасы, Комитет төрағасы	100%
2.	Тимур Мұратұлы Сүлейменов	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	71%
3.	Лука Сутера	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитеттің мүшесі	100%

## Трансформациялау бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитеті

### Комитеттің рөлі

Трансформациялау бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитеті Қордың Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы және Қордың Трансформациялау бағдарламасының іске асырылуына мониторинг және бағалау жүргізу, активтерді жекешелендіру және қайта құрылымдау мәселелерін қарау және Қордың Директорлар кеңесіне қажетті ұсынымдар дайындау жөніндегі міндеттерді орындау үшін құрылды.

### Комитет құрамындағы өзгерістер

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 34 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Т.М. Сүлейменов Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің аталған қаулысымен Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі Қ.А. Бозымбаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Қордың Директорлар кеңесі құрамының жоғарыда көрсетілген өзгеруіне байланысты Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 18 ақпандағы № 192 шешімімен Трансформация бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитетінің құрамы қайта қаралды, оның ішінде:

- Қордың Жалғыз акционері Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап шешім қолданысқа енгізіле отырып, Комитет мүшесі Қ.А. Бозымбаевтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған;
- 2022 жылғы 17 қаңтардан бастап шешім қолданысқа енгізіле отырып, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініші негізінде Комитеттің мүшесі – тәуелсіз директор В.К. Кимнің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Комитеттің мүшесі болып Т. М. Сүлейменов Қордың Жалғыз акционері оны Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайлау туралы шешім қабылдаған күннен бастап шешім қолданысқа енгізе отырып сайланды.

Қордың Директорлар кеңесі құрамының өзгеруіне байланысты Комитеттің мүшесі болып Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 200 шешіміне сәйкес тәуелсіз директор Болат Бидахметұлы Жәмішев сайланды.

Комитеттің құрамына 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мынадай тұлғалар кірді:

- Джон Дудас – тәуелсіз директор – Комитет төрағасы;
- Тимур Мұратұлы Сүлейменов – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары, Комитет мүшесі;

- Болат Бидахметұлы Жәмішев – тәуелсіз директор, Комитеттің мүшесі.

### Комитеттің 2022 жылғы жұмысы

2022 жылы Қордың Директорлар кеңесі жанындағы Трансформация бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитетінің алты отырысы өткізілді, оның ішінде 3 бетпе-бет және 3 сырттай отырыс.

2022 жылы Комитеттің отырыстарында мынадай мәселелер талқыланып, қаралды:

- Қордың активтерін өткізу туралы, оның ішінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның IPO-ға шығуына және «ҚазМұнайГаз» АҚ акциялар пакетінің 100%-ға дейін бәсекелес ортаға беру тәсілін айқындауға байланысты;
- «Самұрық-Қазына» АҚ және оның еншілес ұйымдарының активтерін сатуға шығару барысы туралы есеп;
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың активтерін бәсекелес ортаға беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар;
- Комитеттің жұмыс жоспарын бекіту және Директорлар кеңесіне Комитеттің жұмысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну.

## Комитет мүшелерінің 2022 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Іске асырылуын бақылау комитетінің мүшесі Трансформация-лау бағдарламалары	Лауазымы	Комитеттің отырыстарына қатысу (%)
1.	Джон Дудас	Қордың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің төрағасы, Комитет төрағасы	100%
2.	Тимур Мұратұлы Сүлейменов	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	83%
4.	Болат Бидахметұлы Жәмішев	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитеттің мүшесі	100%

## Мамандандырылған комитет

Мамандандырылған комитет Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын, республикалық бюджетті, сондай-ақ мемлекет кепілгерліктері мен активтерін пайдалануға байланысты мәселелерді қоспағанда, Қор тобына кіретін ұйымдар қызметінің экономиканы немесе экономиканың жекелеген саласын дамытуға әсеріне кешенді және объективті талдауды жүзеге асырады.

### Басқарма және оның комитеттері

Басқарма Қордың алқалы атқарушы органы, ол оның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады және даму стратегиясы мен жоспарын, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционері қабылдаған шешімдерді іске асыруға жауапты болады. Қор Басқармасы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың Жарғысына, Жалғыз акционердің, Қордың Директорлар кеңесінің шешімдеріне, Басқарма туралы ережеге және Қордың өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Басқарма төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалады. Басқарма мүшелері Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен сайланады.

*Басқарма мен Басқарма төрағасы өз қызметінде Қордың Жалғыз акционеріне және Директорлар кеңесіне есеп береді. Басқарманың құзыретіне өзгелердің арасында мыналар жатады:*

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау және (немесе) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңға сәйкес Қордың жалғыз акционері немесе директорлар кеңесі қабылдайтын мәселелер бойынша шешімдерді қоспағанда, оған қатысты Қор акционер, қатысушы болып табылатын немесе мүліктегі үлеске құқығы бар компанияның немесе өзге де заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының, өзге де органының құзыретіне жарғымен;
- инвестициялық шешімдер мен инвестициялық жобаларды іске асырудың толықтығы мен мерзімдері бойынша іркілістерге жол бермеу жөнінде компанияларға қатысты жедел шаралар қабылдау;
- компанияларға қатысты бірыңғай қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық, ақшаны басқару жөніндегі, кадрлық, әлеуметтік және өзге де саясатты (оның ішінде компаниялар қызметінің салалары бойынша) қалыптастыру;

- компаниялардың даму жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және орындау мониторингі қағидаларын бекіту;
- Қордың штат санын, штат кестесін және ұйымдық құрылымын бекіту;
- ПК қызметінің нәтижелерін жыл сайынғы негізде тыңдау және компаниялар қызметінің нәтижелері туралы есептерді Қордың Директорлар кеңесіне ұсыну;
- Қордың ішкі қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

Қор Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесі [www.sk.kz](http://www.sk.kz) Қор Жарғысында ашылды.

## ҚОР БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ<sup>14</sup>



**НҰРЛАН  
ҚАРШЫҒАҰЛЫ  
ЖАҚЫПОВ**

**«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы**

Сайланған күні: 2023 жылғы сәуір.

### Білімі:

- РФ CIM Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті – Экономика бакалавры, Экономика магистрі, Экономика ғылымдарының кандидаты

### Еңбек қызметі:

Нұрлан Қаршығаұлы 2001-2003 жылдары Еуразия өнеркәсіптік қауымдастығында (ENRC) қаржы талдаушысы болып жұмыс істеді. 2003-2004 жылдары Chambishi Metals PLC (Замбия, Китве қ.) бизнес менеджері және 2004-2007 жылдары Research, Investment and Development Ltd. жобалық менеджері болды. 2007-2009 жылдары Credit Suisse базалық материалдар командасы биржада сауда жасайтын компания акцияларының құны бойынша талдаушы болып жұмыс істеді. 2009-2011 жылдары «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі болды. 2011-2012 жылдары «RBS (Kazakhstan)» Еншілес банкі» АҚ Астанадағы өкілдігінің басшысы, Инвестициялық банкинг департаментінің директоры болды. 2012-2016 жылдары Инвестициялық банкинг департаментінің атқарушы директоры, Астана қаласындағы UBS AG Almaty Representative Office Өкілдігінің Басшысы болып жұмыс істеді, 2016-2017 жылдары «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ даму және инвестициялар жөніндегі Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі болды. 2017-2019 жылдары «Астана» ӘКК» АҚ Басқарма төрағасы болып жұмыс істеді. 2019-2020 жылдары Қазақстанда Rothschild & Co өкілі болды. 2020 жылдан 2023 жылғы сәуірге дейін «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company» Ltd. Басқарма төрағасы болып жұмыс істеді.



**ЕРНАР  
БЕЙСЕНҰЛЫ  
ЖАНӘДІЛ**

**Даму және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі**

Сайланған күні: 2017 жылғы қыркүйек

### Білімі:

- Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институты (ҚМЭБИ), «Бухгалтерлік есеп» мамандығы;
- Манчестер Бизнес мектебі, Манчестер Университеті (Ұлыбритания), магистр дәрежесі, Бухгалтерлік есеп және қаржы.

### Еңбек қызметі:

Ернар Бейсенұлы әр жылдары Philip Morris Kazakhstan, халықаралық аудиторлық фирмасында жұмыс істеген. 2016 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ қаржылық бақылаушысы лауазымына тағайындалып, кейіннен қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы директор және Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі лауазымына бекітілді. Қазіргі уақытта Даму және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі.

<sup>14</sup> Қор Басқармасының құрамы 2023 жылғы мамырдағы жағдай бойынша ұсынылған.



**НӘЗИРА  
НҰРТӨЛЕУҚЫЗЫ  
НҰРБАЕВА**

**Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі**

Сайланған күні: 2021 жылғы мамыр

**Білімі:**

- Висконсин Ричланд орталығы университеті, АҚШ, «Бизнес-әкімшілендіру» мамандығы.

**Еңбек қызметі:**

Нәзира Нұртөлеуқызы еңбек жолын 1998 жылы PriceWaterhouse филиалында бастаған. 2002 жылдан 2003 жылға дейін салық қызметтері бойынша аға консультант ретінде қызметін жүзеге асырды. 2003 жылдан 2004 жылға дейін Lukoil Overseas Services, Ltd. компаниясының аға салық кеңесшісі болып жұмыс істеді. 2004-2014 жылдар аралығында «PriceWaterhouseCoopers World& Advisory» ЖШС-да аға менеджер болып жұмыс істеді. 2014 жылдан бастап 2020 жылға дейін «PriceWaterhouseCoopers World& Advisory» ЖШС директоры қызметін атқарды. 2020 жылғы маусымнан 2021 жылғы сәуірге дейін «Deloitte TCF» ЖШС Серіктес ретінде жұмыс істеді. 2021 жылғы сәуірден бастап «Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі қызметіне тағайындалды.



**ЕРНАТ  
ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ  
БЕРДІҒҰЛОВ**

**Стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі**

Сайланған күні: 2022 жылғы наурыз

**Білімі:**

- 2007-2010 Торонто университеті, Канада, мемлекеттік саясат және халықаралық зерттеулер;
- 2015-2018 Уорвик университеті, Ұлыбритания, іскери әкімшілік магистрі.

**Еңбек қызметі:**

Ернат Құдайбергенұлы еңбек жолын 2011 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ-да бастаған. 2013-2018 жылдар аралығында «Самұрық-Энерго» АҚ-да түрлі департаменттердің директоры және Басқарма төрағасының кеңесшісі қызметтерін атқарды. 2019 жылдан 2021 жылға дейін Whiteshield Partners-те Жоба жетекшісі ретінде жұмыс істеді. 2021 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия, тұрақты даму және цифрландыру жөніндегі бірлесіп басқарушы директоры қызметін атқарды. 2022 жылғы ақпаннан бастап Стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі.



**НИКОЛАЙ  
ЮРЬЕВИЧ  
КАЗУТИН**

**Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі**

Сайланған күні: 2022 жылғы наурыз

**Білімі:**

- Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы.

**Еңбек қызметі:**

Николай Юрьевич өзінің еңбек жолын 2001 жылы бастады және 2005 жылға дейін сақтандыру компанияларында қаржы талдаушысы ретінде жұмыс істеді. 2006-2016 жылдар аралығында «Прайс-аудит» ЖШС-да жұмыс істеді. 2016 жылдан 2020 жылға дейін Ішкі аудит қызметінің директоры және «Көкшетау минералды сулары» АҚ және «Шығыс Қазақстан өңірлік энергетикалық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі қызметтерін атқарды. 2020 жылдан 2022 жылға дейін ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды. 2022 жылғы ақпаннан бастап Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор.



**ЕЛЖАС  
МҰРАТҰЛЫ  
ОТЫНШИЕВ**

**Стратегия және активтерді басқару жөніндегі тең басқарушы директор – Басқарма мүшесі**

Сайланған күні: 2023 жылғы сәуір

**Білімі:**

- Мәскеу физика-техникалық институты, «Жүйелік интеграция және менеджмент» мамандығы.

**Еңбек қызметі:**

Елжас Мұратұлы еңбек жолын 2007 жылы бастаған және 2009 жылға дейін Мәскеудегі «E&Y» консалтингтік компаниясында талдаушы ретінде жұмыс істеген. 2009-2012 жылдар аралығында «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-да, сондай-ақ 2012-2014 жылдары «Самұрық-Қазына» АҚ-да Инвестициялық жобалар департаментінде жұмыс істеді. 2014 жылдан 2016 жылға дейін «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС-да Қордың инвестициялық қызметін жобалық талдау департаментінің директоры қызметін атқарды. 2016-2019 жылдар аралығында Жаңа жобаларды дамыту департаментінің жоба директоры және «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді дамыту департаментінің Тау-кен активтерін дамыту секторының басшысы лауазымдарын атқарды. 2019 жылдан 2021 жылға дейін Елжас Мұратұлы «PlanetCare Management» ЖШС-да бас директордың Инвестициялар және даму жөніндегі орынбасары лауазымында жұмыс істеді. 2021 жылғы мамырдан бастап 2023 жылғы сәуірге дейін «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company Ltd» компаниясында Басқарма төрағасының орынбасары лауазымын атқарды.



### Басқарма қызметі туралы есеп

2022 жылы Басқарманың 70 отырысы өткізілді, оның ішінде 55-і бетпе-бет және 15-і сырттай. 381 мәселе қаралды, оның 365-і бетпе-бет форматында.

Қор Басқармасы қараған неғұрлым маңызды мәселелер:

- Қордың портфельдік компанияларының 2021 жылғы жылдық қаржылық есебін бекіту;
- Қордың Портфельдік компанияларының Директорлар кеңестерін және Байқау кеңестерін сайлау;
- Қордың Портфельдік компанияларының бірінші басшыларын келісу және/немесе тағайындау;
- Қордың Портфельдік компанияларының жарғылық капиталдарын толықтыру;

- Қордың Портфельдік компанияларының Жарғыларына және өзге де ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер енгізу;
- Қордың Портфельдік компанияларының Жарғыларына және өзге де ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер енгізу;
- Қордың ішкі нормативтік құжаттарын бекіту және/немесе өзгерістер енгізу;
- Қордың ұйымдық құрылымы мен штат кестесін өзгерту;
- Қордың бюджетін түзету;
- Вопросы приватизации;
- Қордың мүдделілігі бар мәмілерді мақұлдау.

### 2023 жылға арналған жоспарлар

2023 жылы мыналарды қарастыру жоспарлануда:

- Қордың ағымдағы қызметінің мәселелері;
- Қордың мәмілелері (мүдделі және/немесе ірі мәмілелер);
- Қордың HR мәселелері (ұйымдастыру құрылымы, штат кестесі);
- Портфельдік компаниялардың мәселелері (байқау кеңестерін/директорлар кеңестерін тағайындау, сайлау, жылдық қаржылық есеп, ішкі нормативтік құжаттар, жарғылық капиталды/акциялар санын ұлғайту, өзге заңды тұлғаларға қатысу мәселелері және т.б.);
- Қордың ішкі нормативтік құжаттарын бекіту немесе өзгерту;
- Есептер (Қордың құрылымдық бөлімшелерінің есептері және Қордың Директорлар кеңесіне шығарылатын есептер).

## Басқарма жанындағы комитеттер

Басқарма қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында жеті комитет жұмыс істейді: инвестициялық-стратегия-

лық; кадрлық; еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі; тұрақты даму; ақпараттық қауіпсіздік ко-

митеті; ғылыми-техникалық кеңес және жаңғырту жөніндегі кеңес.



### Инвестициялық-стратегиялық комитет

Инвестициялық-стратегиялық комитет қызметінің мақсаты мынадай мәселелер бойынша (тәуекелге бағдарланған шешімдер қабылдауды қамтамасыз етуді қоса алғанда) талқылау, ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу үшін алаң ұсыну жолымен Қордың стратегиялық тиімділігіне қол жеткізу үшін Қор активтерінің портфелін басқару кезінде шешімдер қабыл-

дау кезінде тиімділікті арттыруға жәрдемдесу:

- Қордың және ПК стратегиялық дамуы;
- Қордың Активтер портфелін және Қордың инвестициялық жобалары мен ПК портфелін басқару;
- тәуекелдерді басқару (қаржылық, инвестициялық, операциялық);
- Инвестициялық саясатты, Кредиттік саясатты, Қарызды

және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатын іске асыру;

- Инвестициялық қызмет жөніндегі, стратегиялық және бизнес-жоспарлау, ірі күрделі жобаларды басқару жөніндегі корпоративтік стандарттарды іске асыру.

2022 жылы Инвестициялық-стратегиялық комитеттің 70 отырысы өткізілді.

## Кадр комитеті

Кадр комитетінің мақсаты Қордың кадр саясатын үйлестіруді және іске асыруды, адам ресурстарын басқару мәселелері бойынша ұсынымдық сипаттағы шешімдер дайындауды, Қор тобы үшін HR саласында әдіснамалық және сараптамалық-талдамалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету.

Кадр комитетінің құрамы Қор Басқармасының шешімімен айқындалады және Кадр комитетінің төрағасын қоса алғанда, кемінде бес тұрақты мүшеден тұрады. Кадр комитетінің жұмысына Жұмыс органының және Комитет хатшысының өкілдері (дауыс беру құқығынсыз) қатысады.

2022 жылы Қордың Кадр комитетінің 9 отырысы өткізілді, оның ішінде 7 бетпе-бет және 2 сырттай отырыс. Барлығы 30 мәселе қаралып, 59 шешім қабылданды.

Атап айтқанда, аталған отырыстарда мынадай мәселелер қаралды:

- Қордың жекелеген жұмыскерлерінің лауазымдарын (грейдтерін) бағалау мәселелері;
- 2022 жылғы бірінші жартыжылдықтың нәтижелері бойынша Қордың жекелеген жұмыскерлерін бағалау мәселелері;
- Қор жұмыскерлерін оқыту және кәсіптік дамыту мәселелері;
- ҚР Тәуелсіздік күніне және Республика күніне орай Қор тобының жұмыскерлерін марапаттау туралы мәселелер.

## Жаңғырту жөніндегі кеңес

Жаңғырту жөніндегі кеңестің негізгі мақсаты Қор тобындағы трансформациялау бағдарламасын іске асыруға бағытталған қызметті басқару және үйлестіру және компанияларды тиімді басқарудың озық практикаларын, технологияларын мен стандарттарын енгізу.

Кеңес Қор Басқармасы жанындағы алқалы консультативтік-кеңесші орган, оның шешімдері Трансформация бағдарламасын іске асыру кезінде ескерілуге тиіс.

Жаңғырту жөніндегі кеңестің негізгі міндеттері:

- Трансформациялау бағдарламасының мазмұнын, негізгі бағыттарын, қаржыландыру мәселелерін, тиімділігінің түйінді көрсеткіштерін, қамтылуы мен іске асыру мерзімдерін айқындау;
- Қор мен компаниялар қызметінің функционалдық бағыттары бойынша Трансформациялау бағдарламасын енгізуді үйлестіру;
- Қордағы және компаниялардағы Трансформациялау бағдарламасына қатысушылар арасындағы коммуникацияны қамтамасыз ету;
- Трансформациялау бағдарламасын енгізу сапасына қойылатын бірыңғай талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- Трансформациялау бағдарламасын іске асыру мониторингі, бағалауды жүзеге асыру, өзгерістерді енгізу нәтижелерін талдау, бағдарламаның өзін түзету;
- Трансформациялау бағдарламасын іске асыру барысында туындайтын мәселелер мен проблемаларды, оның ішінде бірнеше компания үшін ортақ сипаты бар мәселелер мен проблемаларды жедел қарау;
- Трансформациялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қордың тиісті органдарының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қарауына мәселелерді шығаруға бастамашылық ету.

## Ғылыми-техникалық кеңес

«Самұрық-Қазына» АҚ ғылыми-техникалық кеңесі 2019 жылы құрылды. Ұлттық әл-ауқатты қамтамасыз ету үшін шешімдерді қабылдаудың алқалы және

транспарентті процесінде, ҒЗТКЖ және инновациялар бойынша жобаларды таңдауда, есепке алуда, мониторингілеуде және бақылауда кеңестің негізгі рөлі.

2022 жылы Ғылыми-техникалық кеңестің 5 отырысы өткізіліп, оның қорытындысы бойынша 70 перспективалық жоба мақұлданды. Жалпы, ғылыми-зерттеу жұмыстарына 120-дан астам өтінім қаралды.

«Самұрық-Қазына» АҚ ҒЗТКЖ және инновациялар жөніндегі корпоративтік стандарты жаңа редакцияда бекітілді, ол ҒЗТКЖ және Қор тобының инновациялық портфельін басқарудағы бірыңғай тәсілді регламенттейді.

## Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті

Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет қызметінің мақсаты Қор Басқармасы мен ПК Директорлар кеңесіндегі Қор өкілдері үшін ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ Қор компаниялары тобында дербес қауіпсіздікті және авариясыз өндірісті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жетілдіруге бағытталған өндірістік қауіпсіздік саласындағы портфельдік компаниялар жүргізетін іс-шараларды үйлестіру.

HSE комитеті үш жыл бойы проблемалық мәселелерді талқылау, тәжірибе алмасу, сондай-ақ өндірістік қауіпсіздік (бұдан әрі – ӨҚ) саласындағы стратегиялық бастамалар мен идеяларды қарауға шығару бойынша диалог алаңы ретінде табысты қызмет етеді.

2022 жылы HSE комитетінің 5 отырысы өткізілді, оның шеңберінде мынадай өзекті мәселелер талқыланды:

- ӨҚ саласындағы ПК қызметінің ілгерілеуі мен нәтижелері, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ

компаниялар тобында жарияланған «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жылы» шеңберінде Health & Safety бойынша Іс-шаралар жоспарының орындалу мәртебесінің мониторингі;

- жазатайым оқиғаларды тергеу нәтижелері және қабылданған іс-шаралар;
- озық практикаларға негізделген нормативтік құжаттардың ішін біріздендіру және әзірлеу;
- ӨҚ процестерін цифрландыру бойынша бірқатар шешімдер қаралды.

Осылайша HSE комитетінің 2022 жылғы қызметі Қор компаниялары тобындағы жарақаттанушылықты азайтуға бағытталған. Комитеттің жұмыс істеуінің арқасында 2022 жылы өндірістегі жазатайым оқиғалардан зардап шеккендер саны 2021 жылмен салыстырғанда 133-тен 111 адамға дейін 16%-ға төмендеді.

LTIF коэффициенті 0,16-ны құрады.

Өлім-жітім коэффициенті (Fatal Accident Rate) 11%-ға төмендеді.

## Тұрақты даму комитеті

Тұрақты даму комитетін құрудың мақсаты ПК Директорлар кеңесіндегі Қор Басқармасы мен Қор өкілдері үшін ұсынымдарды пысықтау, сондай-ақ портфельдік компаниялар тұрақты даму саласында жүргізетін іс-шараларды үйлестіру, атап айтқанда:

- тұрақты қағидаттарына жоспарлы және үздіксіз ұстану жүйесін енгізу;
- мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімді жүйесін әзірлеу, Компанияның тұрақты даму саласындағы стандарттарды ұстанатынын растау;
- мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып, ұзақ мерзімді кезеңде олардың орнықтылығына нұқсан келтірмей Қордың және ПК стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету.

2022 жылы Тұрақты даму комитетінің, Қор компанияларының тобы бойынша тұрақты дамудың өзекті мәселелері бойынша, оның ішінде энергия және ресурс

үнемдеу мәселелері бойынша бір отырысы өткізілді.

## Ақпараттық қауіпсіздік комитеті

Ақпараттық қауіпсіздік комитетін құрудың мақсаты Қор басқармасына, Қор тобында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесін құру және дамыту бойынша ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, ПК ақпараттық технологиялар бөлімшелерімен және өзге де тұлғалармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

Есептік кезеңде АТ-кеңес шеңберінде Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің отырыстары өткізілді, онда портфельдік компанияларда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсыныстар әзірленді. Сондай-ақ портфельдік компаниялардың АҚ стратегиясы мен қауіпсіздік ақпаратының деңгейін арттыру бойынша жобалар қаралды.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНЕ ЖӘНЕ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ САЯСАТЫ

Қордың Жарғысына және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәуелсіз директорлар сыйақысының мөлшерін Жалғыз акционер айқындайды.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төленеді және олар өз функциялары шеңберінде орындайтын міндеттерге байланысты шығындар өтеледі.

Қордың Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жа-

лақысының мөлшерін, еңбекақы және сыйақы төлеу шарттарын Қордың Директорлар кеңесі айқындайды. Олардың сыйақысын айқындауда Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитеті негізгі рөл атқарады.

Қор Басқармасының төрағасы мен мүшелеріне сыйақы жүйесі Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қор Басқармасының Төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу және

сыйлықақы беру шарттарына сәйкес айқындалады және өзіне лауазымдық жалақы, тиісті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған біржолғы сыйлықақы кіреді.

Тиісті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы қол жеткізілген табыстар және жұмыстың тиімділігін арттыру үшін материалдық көтермелеу мақсатында Басқарма төрағасы

мен мүшесінің қызметін бағалау нәтижелеріне байланысты төленеді.

Есепті жыл үшін шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы сыйақы төлеу үшін негізгі шарт.

2022 жылы негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақының жалпы сомасы жалпы және әкімшілік шығыстарды қоса алғанда 730 млн теңгені құрады.

Көрсетілген сома басқару органы – Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіз директорларының сыйақысын және атқарушы орган мүшелеріне төленген сыйақыны қамтиды.

## ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Қорда Қордың Директорлар кеңесіне бағынатын және есеп беретін және Қордың Директорлар кеңесінің Аудит комитеті жетекшілік ететін тәуелсіз Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің құрамын, жұмыскерлердің сыйақы мөлшерін айқындайды, ішкі аудит саясаты мен рәсімдерін, сондай-ақ жылдық аудиторлық жоспарды және бюджетті бекітеді.

Қызмет өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Қор органдарының шешімдерін, Ережені, Қордың Директорлар кеңесі бекіткен жылдық аудиторлық жоспарды және Қордың Ішкі аудит қызметінің жұмысын регламенттейтін басқа да ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

Ішкі аудит қызметі жұмысының негізгі мақсаты Қордың Директорлар кеңесіне Қордағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру.

2022 жылы Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспары жыл бойы жоспардан тыс тексерулерді ескере отырып, 106%-ға орындалды. Тексеру нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметі ұсыныстар, оның ішінде ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы жүйелерін, қызметті жүргізу процестерін, қағидаттары мен әдістерін жақсарту бойынша ұсыныстар берді. Берілген ұсыныстардың орындалуы мониторингінің нәтижелері туралы ақпа-

рат Қордың Директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы негізде ұсынылды. Консультациялық жұмыстар шеңберінде Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері қосымша Қордың жекелеген еншілес компанияларының синергетикалық аудиттеріне қатысты, сондай-ақ Қордың жекелеген өкілдеріне Компаниялардың директорлар кеңестерінде консультациялық жұмыс көрсетілді.

2022 жылы ішкі аудиторлардың тәуелсіздігіне немесе жеке объективтілігіне теріс әсер ететін фактілер тіркелмеген. Тоқсан сайынғы негізде Ішкі аудит қызметінің есептері Аудит комитеті мен Қордың Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралып, талқыланды.

# КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ

Комплаенс қызметі Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтауды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша саясатты айқындауды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыруды, сондай-ақ ашықтық пен адалдық негізінде ішкі корпоративтік мәдениетті қалыптастыруды, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың үздік халықаралық практикаларына және ішкі құжаттарына сәйкес бизнес жүргізуді қамтамасыз ететін Қордың құрылымдық бөлімшесі.

Қызмет портфельдік компаниялардың комплаенс қызметтерімен жалпы үйлестіруді және өзара іс-қимылды, оның ішінде орталықтандырылған комплаенс бақылауларды әзірлеу, Қор тобы компанияларының комплаенс қызметтерінің мерзімді есептерін қарау, қолданыстағы комплаенс тәуекелдері туралы шоғырландырылған есептерді дайындау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында оқыту және комплаенс саласындағы басқа да өзекті мәселелер бойынша ұсынымдар беру бойынша жүзеге асырады.

Комплаенс қызметі өз қызметінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын, Мінез-құлық кодексін және Қордың өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Комплаенс қызметі:

- Жедел желіге келіп түскен 855 өтініш қаралды;
- қаралған материалдар бойынша қорытынды берілді, оның ішінде Қордың Директорлар кеңесіне шығарылатын материалдар мен Қор Басқар-

масына шығарылатын материалдар бойынша.

- 380 үміткердің сенімділігі тексерілді, оның ішінде:
  - 128 портфельдік компаниялардың ДК/БК кандидаттары бойынша директор ретінде сайлау үшін олардың талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес келмеуі бөлігінде;
  - 252 кандидаттарды жұмысқа қабылдауға кедергі келтіретін мән-жайлардың болуы тұрғысынан Қорда бос лауазымдарға орналасу үшін кандидаттар бойынша.

2022 жылы әдіснаманы дамыту шеңберінде:

- Қор Басқармасының шешімімен Қордың портфельдік компанияларында тиімді комплаенс жүйелері мен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру үшін әдіснамалық негізді айқындайтын «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларындағы комплаенс функциясы бойынша Корпоративтік стандарт әзірленді және бекітілді;
- іскерлік қатынастар орнатылғанға дейін контрагенттерге тексеру жүргізу тәртібін регламенттейтін құжаттар бекітілген.

Есептік кезеңде қызмет қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы процестерді ISO 37001 «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкестігі тұрғысынан бағалау жүргізді. Бағалау нәтижелері бойынша Қорды кейіннен сертификаттау үшін Іс-шаралар жоспары әзірленді.

Процестерді автоматтандыру шеңберінде үшінші тұлғалардың сенімділігін, оның ішінде Қор және компаниялар тобының жұмыскерлерімен үлестестігі тұрғысынан кешенді тексерудің ақпараттық жүйесі әзірленді және енгізілді.

2022 жылы комплаенс функциясының жетілуін бағалау моделі әзірленді және «Самұрық-Қазына» АҚ жекелеген портфельдік компанияларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйелерінің жетілуін бағалау жөніндегі пилоттық жоба іске асырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Қор тобының компанияларындағы қызметтің ашықтығын арттыру шеңберінде 2023 жылға арналған комплаенстерді дамытудың стратегиялық бағыттары:

1. Үздік халықаралық практикаға сәйкес комплаенс функциясын, оның ішінде санкциялық, листингтік, ESG және комплаенстердің өзге де түрлері сияқты бағыттарды дамытуды қамтамасыз ету.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйелерін ISO 37001:2016 «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» және ISO 37301:2021 «Сәйкестікті басқару жүйесі» халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне сертификаттау.
3. Компаниялар тобы деңгейінде комплаенс бағдарламасының жекелеген элементтерін автоматтандыру.

Бекітілген жоспарларға сәйкес, үшінші тараптардың сенімділігін тексеру, бастамашылық ақпараттандыру, мүдделер қақтығыстарын анықтау және реттеу және т.б. сияқты комплаенс бағдарламасының жекелеген элементтерін автоматтандыру үшін ақпараттық жүйе құру бойынша жұмыс жүргізілуде. Аталған жүйе Қор тобы компанияларының комплаенс саласындағы мамандарына қойылған міндеттерді неғұрлым тиімді іске асыруға, сондай-ақ орталықтандырылған бақылауды жүзеге асыруға және қажетті ақпаратты жинауға мүмкіндік береді.

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Тәуекелдерді басқару жүйесі қолданылатын заңнаманы және ішкі талаптарды сақтау саласындағы шынайы есептілікті дайындау саласындағы стратегиялық, операциялық мақсаттарға, мақсаттарға қол жеткізуге ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге арналған. Ішкі бақылау анық есептілікті дайындау, қолданылатын заңнаманы, Қордың және оның Портфельдік компанияларының ішкі талаптарын сақтау саласындағы операциялық мақсаттарға, мақсаттарға қол жеткізуге шоғырланады.

Тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесінің міндеттері:

- тәуекел-мәдениетті арттыру және тәуекел-менеджментті және ішкі бақылауды Қор қызметінің барлық аспектілеріне ықпалдастыру;
- Қордың мақсаттарға қол жеткізуге қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алу, ықтимал теріс оқиғаларға тиімді ден қою және егер олар басталса, олардың салдарын қолайлы деңгейге дейін жеңілдету қабілеттілігін арттыру есебінен қызмет нәтижелерінің құбылмалылығын төмендету;
- Ұзақ мерзімді перспективада Қордың активтерінің құнын және кірістілігін ұлғайту үшін мүмкіндіктерді пайдалануды қамтамасыз ету.

Қордың тобындағы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауды ұйымдастырудың негізгі қағида-даттары мен тәсілдері Қордың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясатында көрсетілген. Осы Саясат «Ұйымдардың тәуекелдерін басқарудың тұжырымдамалық негіздері: стратегиямен және тиімділік көрсеткіштерімен интеграциялау»

COSO ұсынымдарын ескере отырып жасалған және Қордың барлық деңгейлерінде тәуекелдерді басқару үшін тәуекел иелерінің жауапкершілігін күшейтуді қамтамасыз етуге, Қордың барлық процестеріне тәуекел-менеджменттің интеграциясын арттыруға арналған.

Саясатқа сәйкес Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы өз функцияларын орындау кезінде «Қорғаудың үш желісі» моделіне сүйенеді, онда қорғаудың бірінші желісін (бизнес-функцияларды) өз құзыреті шеңберінде тікелей сәйкестендіретін, тәуекелдерді басқаратын және бақылау рәсімдерін орындайтын әрбір жұмыскер атынан құрылымдық бөлімшелер ұсынады. Қорғаудың екінші желісі (мониторинг функциялары), оның ішінде Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаменті мен Қордың Комплаенс қызметі ұсынылған, олар тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді практикасының бизнес-функцияларын енгізу мониторингіне, Қордың заңнамасы мен ішкі нормативтік құжаттарының сақталуына жауап береді. Үшінші қорғаныс желісі (Тәуелсіз кепілдік) Қордың ішкі аудит қызметімен ұсынылған, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізеді және оларды жетілдіруге жәрдемдеседі.

Қорда және Портфельдік компанияларда жыл сайынғы негізде тәуекел дәрежесі, тіркелімі және тәуекелдер картасы бекітіледі; тұрақты негізде Портфельдік компаниялар мен Қордың Директорлар кеңестерінің/Байқау кеңестерінің қарауына маңызды қызмет салалары бойынша басқарушылық есептілік ұсынылады.

Қор капиталының әкімшілігімен тәуекелдерді қайта сақтандырудың корпоративтік бағдарламасы іске асырылуда, ол Қор компанияларының тәуекелдерін қайта сақтандыру ретінде акционерлердің сенімділігін қамтамасыз етеді.

Қордың ішкі нормативтік құжаттарында бақылау рәсімдерін құжаттау және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды сақтау жолымен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құру жөніндегі жұмыс жалғастырылды.

## Қор мен Портфельдік компаниялар тәуекелдерінің толық емес тізбесі мыналар:

### Стратегиялық тәуекелдер:

Маңызды инвестициялық жобалардың тәуекелдері ішкі және сыртқы факторларға ұшырайды. Классикалық жобалық тәуекелдерден басқа жобаны іске асыру мерзімдерінің бұзылуы және күрделі шығыстардың ұлғаюы сияқты сыртқы факторлар мысалы, жоғары инфляция, бағамдық айырманың өзгеруі және логистикалық мәселелер жобалардың көрсеткіштеріне теріс әсер етеді. Тұрақты негізде әлеуетті және іске асырылған тәуекелдерді сәйкестендіру бойынша жұмыс жүргізіледі, оларды азайту жөніндегі іс-шаралар әзірленеді.

Беделге нұқсан келтіру тәуекелі – клиенттер, контрагенттер, акционерлер, инвесторлар, кредиторлар, нарықтық талдаушылар, қадағалау органдары және жалпы қоғам тарапынан Қордың және Портфельдік компаниялардың теріс қабылдауына байланысты тәуекел. Осы тәуекелді басқару үшін Қор тобының бірыңғай имидждік және

коммуникациялық саясатын құру мақсатында тұрақты негізде Портфельдік компаниялармен өзара іс-қимыл жүргізіледі, Қор және Портфельдік компаниялар жұмыскерлерінің заңнама талаптарын және белгіленген этикалық мінез-құлық нормаларын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар іске асырылады.

#### Қаржылық тәуекелдер:

Өтімділік тәуекелдері және ковенант/листингтік талаптардың бұзылуы – компанияның өз қызметін қаржыландыра алмауына, өз міндеттемелері бойынша уақтылы және толық жауап бере алмауына байланысты тәуекелдер. Осы тәуекелдерді басқару шеңберінде Қордың және Портфельдік компаниялардың борыштық жүктеме дәрежесіне лимиттер белгіленеді және мониторингі жүзеге асырылады, Портфельдік компаниялардың ковенантты орындауын қамтамасыз ету және Қор Тобының қаржылық тұрақтылығын арттыру бойынша әртүрлі шаралар қабылданады.

#### Операциялық тәуекелдер:

Әлеуметтік тұрақсыздық тәуекелі – Қор және Портфельдік компаниялар жұмыскерлерінің әртүрлі топтарының әлеуметтік шиеленісуіне байланысты тәуекел. Әлеуметтік тұрақтылық тәуекелінің жағдайын қадағалау үшін Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы жыл сайынғы негізде Қор тобының еңбек ұжымындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін талдайды. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын мониторингілеу және реттеу мақсатында Қор тобы жұмыскерлерінің шағымдары мен өтініштеріне мониторинг

жүргізіледі. Қор Портфельдік компаниялармен, республикалық және жергілікті билік органдарымен бірлесіп, жұмыскерлердің әл-ауқатын жақсарту және туындаған мәселелерді шешу жөніндегі жүйелі шараларды пысықтайды.

Жазатайым оқиғалардың қаупі – Қордың өндірістік портфельдік компаниялары үшін негізгі тәуекелдердің бірі. 2022 жылы Қор компаниялары тобында өндірістік қауіпсіздікті дамытуға бағыт алынды. Осылайша 2022 жылы «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жылы» болып жарияланды. 2022 жылы «Vision Zero» халықаралық тұжырымдамасына ену және «нөлдік толеранттылық» қағидатын ұстану шеңберінде Қор портфельдік компаниялармен бірлесіп Health & Safety 2022 бойынша бекітілген жоспарға сәйкес айтарлықтай жұмыс атқарды: Комитет шеңберінде ПК арасында, сондай-ақ саланың көшбасшы компанияларымен озық тәжірибелермен алмасу бойынша жұмыс жүргізілетін HSE; ПК сарапшыларының қатысуымен айқаспалы аудиттер тәжірибесі енгізілді; әрбір ПК-ның салалық ерекшелігіне сәйкес HS менеджмент жүйесін жетілдіру және үздік әлемдік практикаларды енгізу бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде.

Санкциялық заңнаманың ықпал ету тәуекелі – Қордың және Портфельдік компаниялардың қызметіне санкциялардың теріс жанама әсерімен байланысты тәуекелдер. Қор компанияларының тобы қандай да бір санкциялық тізімдерге енгізілмеген. Алайда Қазақстан мен Ресей экономикаларының интеграциясының жоғары дәрежесіне

байланысты санкциялық режимді енгізу Қор компаниялары тобының қызметіне және қаржылық көрсеткіштеріне елеулі ықпал етуі мүмкін. Тәуекел митигациясы мынадай іс-шараларды іске асыру жолымен жүзеге асырылады: контрагенттер мен әріптестердің санкциялық тізімдерге қатысу мәніне мониторингі; қолданыстағы және жаңа шарттарға санкциялық ескертпелер енгізіледі; санкциялық заңнаманы бұзу тәуекелін іске асыру ықтималдығы болған жағдайда халықаралық заң компаниялары тартылады; санкциялық шектеулердің әсерін барынша азайту жөнінде тәжірибе алмасу мақсатында мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимыл жүзеге асырылады; Қор компанияларының бүкіл тобы бойынша комплаенс, тәуекелдерді басқару және/немесе құқықтық мәселелер жөніндегі бөлімшелер Қордың және ПК уәкілетті органдарына шығарылатын қандай да бір мәселелерді қарау кезінде санкциялық шектеулердің сақталуы бойынша тұрақты бақылауды жүзеге асырады.

#### Құқықтық тәуекелдер:

Сот талқылауларының тәуекелі – Қор мен Портфельдік компанияларды ірі сот талқылауларына тарту тәуекелі. Келіссөздер, қолданыстағы келісімдер бойынша Қордың міндеттемелерін мониторингілеу, Қордың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді және Қор тобының мүдделерін қорғау жөніндегі құқықтық сипаттағы өзге де іс-әрекеттерді түсіндіру арқылы дауларды алдын ала шешу арқылы осы тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі.

# ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Қордың қоғамдық кеңесі азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін ескеру, Қордың және Қордың тобына кіретін ұлттық компаниялар қызметінің есептілігі мен ашықтығын арттыру мақсатында қор құратын консультативтік-кеңесші, байқаушы орган.

Қордың қоғамдық кеңесі туралы ереже ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 22 қарашадағы №828 қаулысымен бекітілген.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 170-П бұйрығымен Қордың Қоғамдық кеңесінің құрамы бекітілді: 10 адам, оның ішінде Қордың 3 өкілі, азаматтық қоғамның 7 өкілі.

## Азаматтық қоғамның өкілдері:

### Қоғамдық Кеңестің төрағасы:

Болат Бидахметұлы Жәмішев

### Қордың Қоғамдық кеңесінің мүшелері:

- Ольга Александровна Булавкина – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты;
- Ерлан Бияхметұлы Саиров – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты;
- Ләззат Олжабайқызы Жүнісова – «Хабар» агенттігі» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары;
- Айдар Қалымтайұлы Қазыбаев – ESG Ұлттық клубының төрағасы;
- Алуа Серікқызы Жолдыбалина – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстандық стратегиялық

зерттеулер институты директорының орынбасары;

- Тәжибаева Ирина Лашкаровна – ҚР Ұлттық Ядролық Орталығының Атом энергиясы институты директорының орынбасары.

### «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері:

- Нәзира Нұртөлеуқызы Нұрбаева – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі;
- Николай Юрьевич Казутин – Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі;
- Ернар Бейсенұлы Жанәділ – Даму және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі.



## БОЛАТ БИДАХМЕТҰЛЫ ЖӘМІШЕВ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қайраткері, экономика ғылымдарының кандидаты.

### Еңбек қызметі:

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор, «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің төрағасы, «Bank RBK» Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Әр жылдары ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, ҚР Қаржы вице-министрі, ҚР Ішкі істер вице-министрі, Ұлттық банк төрағасының орынбасары, ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің төрағасы, Еуразиялық даму банкі (ЕАДБ) Басқарма төрағасының орынбасары, ҚР Қаржы министрі, ҚР Өңірлік даму министрі, «Қазақстанның даму банкі» АҚ Басқарма төрағасы, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды.





## ОЛЬГА АЛЕКСАНДРОВНА БУЛАВКИНА

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі.**

### Еңбек қызметі:

Мемлекеттік қызметке кіргенге дейін білім беру, жеке кәсіпкерлік саласында жұмыс істеді. 2002-2014 ж.ж. ШҚО Шемонаиха ауданы әкімі аппаратының экономисті, бухгалтері, бөлім бастығы, ШҚО Шемонаиха ауданы әкімінің орынбасары, 2014-2016 ж.ж. «Нұр-Отан» партиясы ШҚО филиалы төрағасының орынбасары, 2016-2019 ж.ж. ШҚО Өскемен қаласы әкімінің орынбасары, 2019-2020 ж.ж. ШҚО Бородулиха ауданының әкімі лауазымдарын атқарған. 2020 жылғы тамыздан бастап Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты.



## ЕРЛАН БИЯХМЕТҰЛЫ САИРОВ

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі**

### Еңбек қызметі:

Қоғам қайраткері, саясаттану ғылымдарының кандидаты. Саяси модельдеу және ақпараттық технологиялар бойынша 30 ғылыми мақаланың, 3 кітаптың авторы. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сенім ұлттық кеңесінің мүшесі.



## АЙДАР ҚАЛЫМТАЙҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВ

**ESG Ұлттық клубының төрағасы**

### Еңбек қызметі:

Экономика ғылымдарының кандидаты. Әр жылдары ҚР Ұлттық экономика министрлігінде, ҚР Индустрия және сауда министрлігінде, «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, ҚР Ұлттық Банкінде, «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігінде жұмыс істеді. Қазақстан Республикасының ЭКСПО-2008, ЭКСПО-2010, ЭКСПО-2012, ЭКСПО-2015 көрмелерінде бас комиссар болды.



## ИРИНА ЛАШКАРОВНА ТАЖИБАЕВА

**Ядролық технологиялар қауіпсіздігі орталығының атқарушы директоры**

### Еңбек қызметі:

Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор. Ғылыми қызмет ядролық және термоядролық энергетиканың қауіпсіздігі, бөлу және синтез реакторларының құрылымдық және функционалдық материалдары, атом энергетикасын пайдалану объектілерін пайдаланудан шығару, ядролық және радиациялық қауіпсіздік саласындағы НҚА жобаларын әзірлеумен байланысты. Қазір Ядролық технологиялар қауіпсіздігі ғылыми-техникалық орталығы (ЯТҚ ГТО) қауымдастығы нысанындағы ЗТБ атқарушы директоры, «Қазақстанның ядролық қоғамы» (ҚЯҚ) Басқармасының төрағасы, ҚР ҰЯО АЭИ филиалының бас ғылыми қызметкері. 2009 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстанның МАГАТЭ-ның Термоядролық энергия жөніндегі ғылыми кеңесінде ресми өкілі, НАТО-ның «Бейбітшілік пен қауіпсіздік жолындағы ғылым» ғылыми комитетінде Қазақстанның сарапшысы, МАГАТЭ-ның жылдам реакторлар жөніндегі жұмыс тобында Қазақстанның өкілі болған. 2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ҚР Энергетика министрлігінің Қоғамдық кеңесінің мүшесі. 2017 жылғы «Алтын Адам» сыйлығының лауреаты – «Ғылым қайраткері» номинациясы бойынша «Қазақстандағы жыл адамы».



## АЛУА СЕРІКҚЫЗЫ ЖОЛДЫБАЛИНА

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары**

### Еңбек қызметі:

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ұлттық мемлекеттік саясат мектебінің профессоры. «Саясаттану» бағыты бойынша республикалық оқу-әдістемелік кеңестің (РОӘК) мүшесі. «Әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер» бағыты бойынша ұлттық ғылыми кеңестің (ҰҒК) мүшесі. Ph.D доктор, саясаттану магистрі.



## ЛӘЗЗАТ ОЛЖАБАЙҚЫЗЫ ЖҮНИСОВА

**«Хабар» агенттігі» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары**

### Еңбек қызметі:

Әр жылдары қаржы директоры, «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, «Телевизиялық жаңалықтар агенттігі» ЖШС директоры, «Еуразия+ОРТ» ЖШС бас директоры, «Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС бас директоры болып жұмыс істеді.



## НӘЗИРА НҮРТӨЛЕУҚЫЗЫ НҮРБАЕВА

**Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі**

### Еңбек қызметі:

Еңбек жолын 1998 жылы PriceWaterhouse филиалында бастаған. 2002 жылдан 2003 жылға дейін салық қызметтері бойынша аға кеңесші қызметін атқарды. 2003 жылдан 2004 жылға дейін LUKOIL Overseas Services, Ltd компаниясының аға салық кеңесшісі болып жұмыс істеді. 2004-2014 жылдар аралығында «PricewaterhouseCoopers Tax & Advisory» ЖШС аға менеджері болып жұмыс істеді. 2014 жылдан 2020 жылға дейін «PriceWaterhouseCoopers Tax & Advisory» ЖШС директоры қызметін атқарды. 2020 жылғы маусымнан бастап 2021 жылғы сәуірге дейін Deloitte TCF ЖШС-да серіктес болып жұмыс істеді. 2021 жылғы сәуірден бастап «Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі лауазымына тағайындалды.



## ЕРНАР БЕЙСЕНҰЛЫ ЖАНӘДІЛ

**Даму және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі**

### Еңбек қызметі:

Ернар Бейсенұлы әр жылдары Philip Morris Kazakhstan, «ЭлитСтрой» ЖШС, PricewaterhouseCoopers халықаралық аудиторлық фирмасында жұмыс істеді. «Самұрық-Қазына» АҚ-ға келгеннен кейін Ішкі аудит қызметінің жұмысына жауапты болды, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесі жанындағы Аудит комитеті мен Трансформацияны бақылау комитеті хатшысының міндеттерін атқарды және Қордың бірқатар еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесі жанындағы Аудит комитеттерінің мүшесі болды. 2016 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Қаржы бақылаушысы лауазымына тағайындалып, кейіннен Қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы директор және «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі – Экономика және қаржы жөніндегі тең басқарушы директор лауазымына бекітілді. Кейін Инвестициялар, жекешелендіру және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі болып тағайындалды. Қазіргі уақытта «Самұрық-Қазына» АҚ Даму және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі.




## НИКОЛАЙ ЮРЬЕВИЧ КАЗУТИН

**Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі**

**Еңбек қызметі:**

Николай Юрьевич өзінің еңбек жолын 2001 жылы бастады және 2005 жылға дейін сақтандыру компанияларында қаржылық талдаушы болып жұмыс істеді. 2006-2016 жылдар аралығында «PricewaterhouseCoopers Tax & Advisory» ЖШС-да жұмыс істеді. 2016 жылдан 2020 жылға дейін «Көкшетау минералды сулары» АҚ және «Шығыс Қазақстан өңірлік энергетикалық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметінің директоры және Басқарма төрағасының кеңесшісі қызметтерін атқарды. 2020 жылдан 2022 жылға дейін ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды. 2022 жылғы ақпаннан бастап Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор лауазымында.


**2022 жылы 13 отырыс өткізілді, оның ішінде:**



Қордың Қоғамдық кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспары Қоғамдық кеңес мүшелерінің пікірлері мен ұсыныстарын ескере отырып ұсынылған және Қордың ресми сайтында орналастырылған.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы, әлеуметтік-еңбек қатынастары және әлеуметтік әріптестік қағидаттарын дамыту (оның ішінде қайырымдылық мәселелері), ұлттық компаниялардың қоғамдық бақылауы, ESG мәселелері бойынша мәселелерді қарау, сондай-ақ Қордың өз қызметінің қорытындылары бойынша есепті тыңдау жоспарлануда.

**2022 жылдың қорытындысы бойынша 118 ұсыныс берілді, оның ішінде:**



Отырыстарға Қордың Қоғамдық кеңесі мүшелерінен басқа сыртқы сарапшылар (230 қатысушы) тартылды – олар пікір көшбасшылары, қоғам қайраткерлері, салалық сарапшылар, мәселелерді жан-жақты және сараптамалық қарау үшін қауымдастықтар мен ҰЕҰ өкілдері. 118 ұсыныс берілді, бүгінгі таңда оның 70-і орындалды, 37-сі (оның ішінде тұрақты негізде) жұмыс істеуде, 7-сі негізделген себептермен орындалмаған.

Қордың Қоғамдық кеңесінің әрбір отырысы өзінің ақпараттық ресурстарымен (сайт, жеделхат Қор арнасы) жария етіледі, сондай-ақ отырысқа барлық аккредиттелген БАҚ қатысады, оқиғалар интернет басылымдарында да, теледидарда да жария етіледі.



# АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Ақпараттық қауіпсіздік (киберқауіпсіздік) – бұл электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелердің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерден қорғалуының жағдайы.

Ақпараттық қауіпсіздік ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын немесе қолжетімділігін бұзуы мүмкін ақпаратты және IT-активтерді рұқсатсыз қол жеткізуден және тәуекелдерден қорғау стратегияларын, әдістері мен процестерін қамтиды.

Корпоративтік қауіпсіздік қосылған желі, серверлер және соңғы пайдаланушыларға берілетін деректердің қауіпсіздігіне қолданылады. Ол цифрлық активтер үшін қауіпсіз ортаны қолдауға байланысты технологияларды, адамдарды және процестерді қамтиды, ұйымға тиесілі активтер мен деректерді қорғауға қойылатын нормативтік-құқықтық талаптарға қосымша назар аударылады.

Кибер кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ақпа-

раттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау – мемлекеттің қазіргі цифрлық әлемдегі маңызды міндеті. Сондықтан да ақпараттық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің тапсырмасы бойынша 2017 жылдан бастап елімізде «Қазақстанның киберқалқаны» киберқауіпсіздік тұжырымдамасын іске асыру басталды.

## Қор компаниялары тобында киберқауіпсіздік қалай қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес Қордың операциялық қызметі бағыттарының бірі Қордың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қордың портфельдік компанияларының ақпараттық қауіпсіздік бөлімшелерін үйлестіру.

Қордың осы қызмет саласындағы негізгі мақсаттары ақпараттың қолжетімділігін, тұтастығын, құпиялылығын және бас тартуға төзімділігін қамтамасыз ету.


Осы мақсаттарға мынадай міндеттерді іске асыру арқылы қол жеткізуге болады:

Біріншіден бұл Қордың өзінің де, тиісті мониторингті сүйемелдеу-

мен оның портфельдік, еншілес және тәуелді ұйымдарының да ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында бірыңғай саясатты қалыптастыру бойынша құқықтық базаны құру.

Екіншіден Қордың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және осы бағыттың қызметін оның барлық құрылымдарында үйлестіру.

## Қордың ақпараттық қауіпсіздігінің жедел орталығы



Портфельдік компаниялардың, еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметін үйлестіру процесін реттеу және басқару Қор Басқармасының шешімімен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі корпоративтік стандартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Қор Тобы Компанияларының сыртқы периметрін қорғау және ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын талдау мониторингі «QazCloud» ЖШС ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының базасында қамтамасыз етіледі.

2022 жылы портфельдік компаниялардың, еншілес және тәуелді ұйымдардың АТ-инфрақұрылымының ақпараттық қауіпсіздігіне төрт аудит жүргізілді.

2022 жылы Қор тобында 38 сын оқиғалар анықталды, олар бойынша сандық криминалистика

мамандарының қатысуымен тергеу жүргізілді және АТ-инфрақұрылымын қорғау бойынша шаралар қабылданды.

Киберқатерлердің даму үрдісін ескере отырып, Қорда 2023-2027 жылдарға арналған ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және қамтамасыз ету стратегиясын әзірлеуге кірісті.


Стратегия шеңберінде Қордағы киберқатерлерге қарсы іс-қимыл желісі және оның портфельдік компанияларының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нақты іс-қимылдар жиынтығын қалыптастыру, тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуды жоспарлау, ақпараттық қауіпсіздік талаптарын әзірлеу, жұмыскерлерді корпоративтік мәдениет нормаларын қатаң сақтауға кибергигиенаны қамтамасыз етуге ынталандыру жоспарлануда.

Алайда осы бағыттағы қызметтің тиімділігі үшін Стратегияны құру үшін шарт болып табылатын бірқатар мәселелерді шешу керек.

Бірінші, Қор компанияларының бүкіл тобы бойынша ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірыңғай архитектурасын қалыптастыруды жүргізу. Екіншіден, Қорға ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне назар аударған жөн. Үшінші – кейіннен тиісті сертификатты ала отырып, ISO/IEC 27001 27001 халықаралық стандартының талаптарын Қорға енгізу.

Бұл мәселелерді шешу Қор тобының ІТ-инфрақұрылымының қорғалуын жақсарту мен талдаудың үздіксіз процесін қамтамасыз етеді.

### Қор тобындағы 2022 жылғы қауіп-қатер түрлері бойынша инциденттер статистикасы



## 2022 жылғы оқиғалар статистикасы

